

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш. Е. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ

«ЭКОНОМИКА» КАФЕДРАСЫ

БЕКБЕРГЕНОВА Ж.Т.

**БАРЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН «НАРЫҚТЫҚ
ЭКОНОМИКА НЕГІЗДЕРІ» КУРСЫН ОҚЫТУ БОЙЫНША
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

АҚТАУ 2012 ЖЫЛ

ӘОЖ 330.101.8

Құрастырушы: Бекбергенова Ж.Т.

Барлық мамандықтар студенттеріне арналған «Нарықтық экономика негіздері» курсын оқыту бойынша оқу-әдістемелік нұсқаулық – Ақтау: КМТЖИУ, 2012 ж., 47 бет.

Рецензент: э.ғ.к. Саубетова Б.С.

Оқу- әдістемелік нұсқаулықта курс бағдарламасы, негізгі түсініктер және анықтамалар, талқылау сұрақтары, реферат тақырыптары, тест сұрақтарының қоры келтірілген.

Ш. Е. Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Технологиялар және Инжиниринг Университетінің оқу- әдістемелік Кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылған.

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2012

Алғы сөз

«Нарықтық экономика негіздері» курсын оқыту бойынша оқу-әдістемелік нұсқаулық нарықтық экономиканың қызметін зерттеуде, оқытуда барлық мамандықтар студенттері үшін көмек ретінде ұсынылған.

Еліміздің бүгінгі таңдағы нарықтық экономикаға өткеннен кейінгі елдің экономикасын сапалылығын арттырудың қажеттілігі - ол елдегі экономикалық тұрақтылыққа жету болып отыр.

Нарықтық елдегі экономиканың тұтас жүйе ретіндегі дамуының ерекшеліктері мен заңдылықтарын және осы негіздегі оны ұйымдастырудың қызмет етуі мен реттеудің формаларын, әдістерін қарастыру маңызды болып отыр. Оқу-әдістемелік нұсқаулықта нарықтық экономиканың жекелеген қосалқы жүйелерінің (мысалы, тұтыну тауарлары нарығының қосалқы жүйелерінің) дамуы және өзгешеліктері көрсетіледі. Нарықтық экономиканың қосалқы жүйелерінің жекелеген элементтерінің (нарықтық экономиканың субъектілері) дамуының өзгешеліктеріне көңіл бөлінеді.

Курстың міндеттері елдің нарықтыққа негізделген экономикаға өтуімен байланысты және мыналарды қамтиды:

- нарықтық экономика, оның міндеттері мен функцияларының мәнін ашу;
- нарықтық экономиканың құрамын анықтайтын жіктелім белгілерін қарастыру;
- нарықтық экономиканың дамуының ролі мен маңызын ашу;
- нарықтық экономиканың субъектілері қызметінің нәтижесі- іскерлік қызметтер көрсетудің ерекше сипатын ашу;
- нарықтық экономиканың қосалқы жүйелері мен субъектілерінің ұйымдық формаларын анықтау;
- нарықтық экономиканың дамуын реттеудің әдістерін қарастыру;
- нарықтық экономиканың қазіргі деңгейдегі даму көздерін анықтау;
- Еліміздің экономикасының келешектегі дамуының бағыттарын анықтау.

Оқу-әдістемелік нұсқаулық барлық мамандықтардың оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылды және барлық сұрақтарды қамтиды.

Оқу - әдістемелік нұсқаулықта 11 тақырыптан тұратын курс бағдарламасы, негізгі түсініктер мен тақырыпқа қатысты анықтамалар, талқылауға берілген сұрақтар, тест сұрақтарының қоры, рефераттар тақырыптары келтірілген.

Тақырып 1. Нарықтық экономиканың әлеуметтік-экономикалық мәні және ерекшеліктері.

Экономиканы ұйымдастырудың әдістері мен оның өзекті үш мәселесі. Нарықтың құрылымы және инфрақұрылымы. Нарықтың экономикалық субъектілері. Нарық экономикасының элементтері мен инфрақұрылымы. Экономикалық жүйелерге сипаттама беру. Нарықтың атқаратын қызметтері, шарттары және түрлері. Шектеулі экономика: таңдау және шектеу туралы ғылым. Нарық конъюнктурасы.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Әр түрлі елдер нарықтық экономикаға түрлі жолдармен жетті. Соған қарамастан оларға нарықтық экономиканың қалыптасуының ортақ заңдылықтары тән. Оларға мыналар жатады: тәуелсіз тауар өндірушілердің болуы, кәсіпкерлік қызметтің еркіндігі мен әр түрлі экономикалық субъектілердің меншік құқына кепілдік берілуі; сұраныс пен ұсынысты теңестіретін еркін нарықтық баға; тауар өндірушілердің бәсекелесуі; қаржы, бағалы қағаздар, валюта еңбек нарығы; экономиканың дүниежүзілік интеграция процестеріне қатысуы және т.б.

Нарықтық экономиканың да, тауар шаруашылығының да пайда болу шарттары – тауар өндірушілердің оқшалануы мен технологияны енгізуді ынталандырады т.б.

Сондай-ақ, әр мемлекет экономиканы нарық арқылы басқаруда әр түрлі әділ-тәсілдерге сүйенеді. Мысалы: АҚШ-та нарықты, экономиканы басқаруда әр адамның іскерлік қасиеті негізінде алынады және тұрмыс жағдайы төмен, әлеуметтік жағынан қорғалмаған халықтың бөлігінде белгілі уақытқа дейін жәрдем беріледі. Ал, Голландияда нарықты жүйенің. Дамыған елдерде нарықтық жүйенің әр түрлі модельдері қолданылады.

Қазіргі нарықтың еркін бәсеке дәуіріндегі нарықтан елеулі айырмашылығы бар. Өйткені, қазіргі нарық тауарлардың өтіміне кепілдік береді, мемлекет ақша және қаржы – несие саясатын белсенді жүргізеді, халықты әлеуметтік қорғау мәселесін шешеді. Қазіргі цивилизацияланған нарық теңгерімшілікке және арқа сүйеушілікке жол бермейді.

Нарықтың мәні оның атқаратын қызметтерінен көрініс алады және ең маңызды қызметтеріне жататындар:

- тауар өндірісінің өзін-өзі реттеу қызметі. Ол тауарға сұраныс өскенде тауар өндірушілердің өндіріс көлемін ұлғайтқаннан және бағаны өсіргенінен көрінеді.
- Ынталандыру қызметі-фирмалар үстеме пайда табу мақсатында жана техника мен технологияны енгізу, еңбек процесін тиімді ұйымдастыру арқылы қосымша мүмкіндіктерді іздестіреді.
- Реттеуші қызметі. Нарықтың көмегімен экономикада микро және макро экономикалық тепе-теңдік қалыптасады, шаруашылық өмірді демократияландыру, өзін-өзі басқару принципін жүзеге асыру арқалы

экономикадағы зиянды, тиімсіз өндірістерді біртіндеп жояды және тиімді өндіріс орындарына жол ашады.

Нарықтың артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Нарықтың артықшылықтарына жататындар:

- әр түрлі қажеттіліктерді керекті мөлшерде және жоғары сапамен қанағаттандыру қабілетті;
- өндірушілер мен тұтынушылардың дербестілігі;
- экономикалық жағдайлардың өзгеруіне тез бейімделуі;
- ресурстарды тиімді бөлуді қамтамасыз ететін қабілетті, нарық тұтынушыларға аса қажетті тауарларды өндіретін өндіріске қарай бағыттауды қамтамасыз етеді.

Нарықтың кемшіліктеріне мыналар жатады:

- нарықтың тек ақша төлей алатын адамдардың сұраныстарарын қанағаттандыруға бағытталуы;
- нарықтың әлеуметтік маңызы бар қызметтер мен тауарларды (жол, білім және денсаулық сақтау жүйесі, қоғамдық көлік, ғылым т.б.)
- нарықтың қоршаған ортаны қорғау, қалпына келмейтін ресурстарды сақтаудағы өте төмен қабілеттілігі;
- нарық конъюнктурасының тұрақсыз болуы инфляцияны және т.б. келеңсіз құбылыстарды туғызуы.

Нарықтың мұндай жағымсыз жақтары абсолютті түрде болмайды, олар қоғамдағы нарықтың ішкі құрлысымен және тағы басқа да жағдайлармен байланысты.

Экономикалық жүйелердің типтері мен олардың даму заңдылықтары.

Жүйелік әдістеме күрделі ұйымдардың объективтерді зерттеу әдістерінің бірігуі. Мұндай әдістеме ұлттық экономикалық жеке жүйелерін және ірі блоктарын, олардың қызметін, олардың арасындағы тура және кері байланысты анықтауға мүмкіндік береді.

Жүйе деп элемент пен бөліктер арасындағы өзара байланысты жиынтық және комбинациялық тұрғыдан ұйымдасқан біртұтасты айтады. Жүйелер қарапайым және күрделі болып табылады. Күрделі жүйе өзара әсер етуші элементтерден, түрлі жүйелердің бірігуімен құралған көп деңгейлі құрылым. Егер күрделі жүйе бір орталықтан басқарылса, онда ол орталықтанған деп аталады. Ал егер басқару бірнеше жерде орналасқан болса, онда ол бір орталықтанбаған болып бөлінеді. Ашық жүйе қоршаған ортамен интенсивті айырбас жасайды. Жабық жүйе айырбастарды шектеулі масштабты ғана жасауы мүмкін.

Күрделі жүйелерді қарастырудың негізгі белгілері:

1. Өзара байланысты және өзара әсерлеуші әлемдердің көптігі.
2. Жүйемен орындалатын және мақсатқа жетуге бағытталған қызметтердің күрделілігі.
3. Жүйені жеке қосалқы жүйерін блоктарға бөлу.
4. Ақпарат желісінің және интенсивті ақпарат ағымының көбеюі, басқарудың болуы.

5. Сыртқы ортамен әрекеттесуі және кездейсоқ фактор әрекеті шартының қызметі.

Экономикалық жүйе ашық және жабық түрде болады.

- Ашық экономика ол әлемдік шаруашылық байланысы жоғары деңгейдегі мемлекеттер экономикасы.

- Жабық экономика ол сыртқы әлеммен экономикалық байланысы төмен немесе мүлдем жоқ мемлекеттер экономикасы.

Экономикалық жүйенің негізгі шешетін сұрақтары не өндіру? Қалай өндіру? Кім үшін өндіру? Экономикалық жүйенің айырмашылығы осы сұрақтардың жауабына байланысты экономикалық жүйелердің келесі типтері бар:

- Дәстүрлі жүйе, техникасы ескі, көбінесе қол еңбегі, көп укладты экономика; ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр артта қалған мемлекеттерде кең пайдаланылады.

- Әміршіл- экономикалық жүйе, өндіріс, бөлу, тұтыну сұрақтарында мемлекеттің шешім қабылдауы.

- Нарықтық экономика шаруашылық сұрақтарын әрбір экономикалық агент өзі шешетін жүйе, ол еркін кәсіпкерлік, бәсекелестік және меншікке негізделген.

- Аралас экономика негізгі экономикалық проблемаларды шешуде мемлекет те жеке сектор да жоғары орында тұратын экономика.

Тақырып бойынша талқылауға берілетін сұрақтар:

1. Нарықтық механизмнің мәні мен ерекшеліктерін атаңыз?
2. Нарық туралы ілім.
3. Нарықтық экономика терминінің мәні неде?
4. Қазіргі заманғы нарық теориясы.

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. Нарықтық экономиканың артықшылығы:

- A) өндірушімен тұтынушының еркіндігі;
- B) экономиканы әлеуметтік реттеудің жоқтығы;
- C) мемлекет тарапынан қатаң бақылаудың болуы;
- D) экономиканың тұйықтығы;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

2. Нарық инфрақұрылымы бұл:

- A) белгілі бір мезгілдегі өндіріс пен тұтыну жағдайларын сипаттайтын уақытша жағдай;
- B) ерекше нарықтар шегінде қызмет ететін және олардың қалыпты қызмет жасау тәртібін қамтамасыз ету үшін анықталған міндеттерді атқаратын институттар жиынтығы;
- C) өндіріс процесінде адам қолданатын барлық күштер жиынтығы;
- D) белгілі бір міндеттерді атқаратын жеке нарықтар;
- E) белгілі бір міндеттерді атқаратын жеке институттар.

3. Нарықтық экономиканың экономикалық принциптеріне келесілердің қайсысы жатпайды:

- A) еркін баға қалыптастыру;
- B) меншік иесі болу құқығы;
- C) бәсеке;
- D) экономикалық кәсіпкерліктің еркіндігі;
- E) әлеуметтік қорғау жүйесі.

4. Нарық шеше алмайтын мәселелер қатарына келесілердің қайсысы жатады:

- A) өндірістің сыртқы әсерлері;
- B) еркін бәсекені қамтамасыз ету;
- C) әртүрлі нысандағы нарықтарға еркін кіру;
- D) материалды, еңбек, қаржылық ресурстарды жұмылдыру;
- E) нарықтық ақпараттардың толық көлеміне еркін кіру.

5. Инфрақұрылымның материалдық базасына келесілердің қайсысы жатады:

- A) брокерлік ұйымдар;
- B) жабдықтау-өткізу ұйымдары;
- C) банктер;
- D) несиелік-жинақтау мекемелері;
- E) көлік жүйелері, қоймалар.

Тақырып 2. Нарықтың экономиканың даму тарихы және теориясы.

Нарық қатынастарының даму кезеңдері. Классикалық саяси экономиканың пайда болуы және дамуы. Маржинализм және неоклассикалық экономикалық теорияның қалыптасуы. Қазақстан Республикасындағы экономикалық өзгерістер. Қазақстандағы экономикалық ойлардың қалыптасуы және даму процесі. Қазақстандағы нарықтық қатынастар көзқарастардың пайда болуы және дамуы. Қазақстан Республикасының нарықтық экономиканы жетілдірудің үрдістері. Нарықтық экономиканың қалыптасудың Қазақстандық моделі.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Классикалық саяси экономияның пайда болуының тарихы және оның жалпы сипаттамасы. Англиядағы классикалық саяси экономия капитализмнің қалыптасу кезеңінде пайда болды. Классикалық саяси экономияның өкілдері капиталистік өндірісті зерттеп сонымен бірге, саяси экономияның ғылыми негізін қалады. К. Маркс жазғандай, «Классикалық саяси экономия - бұл, сонау У. Петтиден бастап буржуазиялық өндірістік қатынастардың ішкі тәуелділіктерін зерттеген, бүкіл саяси экономия». Саяси экономия классиктері, зерттеу пәнін айналым аясынан өндіріс аясына ауыстырып, еңбек құн теориясы негізін қалай отырып және капиталистік ұдайы өндірістегі қосымша құнның кейбір формаларына талдау жасау арқылы,

меркантилисттермен салыстырғанда экономика ғылымының алға дамуына үлкен қадам жасады.

Адам Смит (1723-1790 жж.) – классикалық саяси экономияның негізін салушы. Оның басты еңбегі - «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу» саяси экономияның ғылым ретінде қалыптасу кезеңінің аяқталуы болды. Бұл еңбегінде автор саяси экономияның пәнін, методологиялық және жалпы негіздерін айрыша ілім саласы ретінде анықтады. А. Смит ғылым ретінде саяси экономияның қос міндетін анықтады:

1. Объективті экономикалық шындықты талдау және оның даму заңдылықтарын анықтау;
2. Фирмалардың және мемлекеттің экономикалық саясаттарды жүргізу, ұсыныстарын әзірлеу.

Бұл экономика ғылымына қосылған маңызды үлес болды. Ол ел байлығы мен оның қуатын арттыру жолын анықтайтын ғылым ретінде саяси экономияның міндетін айқындады.

А. Смит ілімінің әлемдегі экономикалық ойды дамытуға үлкен ықпалы болды. XVIII ғасырдың соңында – XIX ғасырдың басында оның идеялары Ұлыбританияда, Францияда және басқа елдерде, оның ішінде Ресейде кең таралды, крепостнойлық пен патшаға қарсы күресте пайдаланылды.

Экономикалық ойдың неокласикалық бағытының генезисі. Қазіргі заманғы батыс экономикалық ойлар әр түрлі ағыстар мен мектептердің жиынтығын білдіреді. Мұнда үш негізгі бағыт бар: неоклассицизм, кейнсиандық және әлеуметтік – институционалдық бағыттар. Бұлар барлық құрылымдарды тамамдамайды, тек қана оған жалпы көрініс береді.

Кейнсиандық теория алдыңғы бөлімде қарастырғандықтан. Мұнда неоклассицизм мен әлеуметтік – институционалдық бағыттың негізгі алғашқы пайымдарына тоқталамыз.

Неоклассицизмді жақтаушылар әлі күнге дейін мемлекеттің экономикаға араласпауын тілейді. Бұған қарамастан капитализм рыноктық механизмінің арқасындағы сұраныс пен ұсыныс, тұтыну мен өндіру арасындағы динамикалық тепе – теңдікті қамтамасыз ете отырып экономикалық процестерді реттейді. Неоклассиктер – еркін кәсіпкерлікті, тең мүмкіндікті, нарық күшінің еркін болуын, экономиканың өзін-өзі реттеу формаларын жақтаушылар. Олар бірінші орынға инфляциямен күресу, бәсекелестікті, өндірістің тиімділігін арттыру мәселелерін қояды.

Неоклассицизмнің теориктері жаңа міндеттердің іске асырылуының негізгі шарты деп әлемдік ҒТП кеңеюін есептейді. Маржиналдық экономикалық теория «Классикалық мектептің» құндылықтарын қайта бағалау арқылы экономикаға «маржиналдық революция» ретінде кірді.

Маржинализмнің негізгі ойы фирма масштабындағы шекті экономикалық мөлшерді, салаларды (микроэкономика), сондай – ақ бүкіл халық шаруашылығының өзара байланысқан құбылыстарын зерттеу.

Маржиналдық теорияның өзгешелігі:

- болып жатқан өзгерістерді сипаттау үшін шекті шараларды анықтауға

мүмкіндік беретін экономикалық талдаудың жаңа әдістерін қолдану;
- маржиналистер экономиканы шаруашылық игілікке ие өзара байланысқан субъектілердің жүйесі ретінде қарастырады;
- маржиналдық теория математикалық әдістерді кең қолданады, соның ішінде дифференциалдық теңдеулерді;
- маржинализмнің әдістемелік құралы экономикалық категориялардың бастапқы және қайталама сұрақтарын шешуге мүмкіндік жасауы.

Қазіргі заманғы экономикалық әдебиеттерде маржинализмнің ізбасарларының негізгі принциптері (сондай-ақ «маржиналдық революция») бірінші және екінші «Госсен заңымен» сипатталады. Бірінші «заңға» сәйкес белгілі игіліктің өсуімен, игіліктің шекті пайдасы азаяды, ал екінші «заңға» сәйкес, тұтынудың (сұраныстың) оптималдық құрылымы барлық қолданылатын игіліктердің шекті пайдасының тепе – теңдігі кезінде жетіледі.

Елімізде нарықтық экономикаға өту кезеңдері үш кезеңге бөліп қарастырылып отыр. Бірінші кезең 1992-1995 жылдарды қамтиды. Ол жылдары елімізде микроэкономикалық тұрақтандырудың екі негізгі үрдісімен зерделенеді: олар барлық меншікті мемлекет иелігінен алу, оны жекешелендіруге беру және тұтыну нарығын қажетті тұтыну игіліктерімен қамтамасыз ету.

1992 жылғы 5-ші наурызында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қабылданған «Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең)» арналған ұлттық бағдарламасында былай деп жазылған: Жекешелендірудің негізгі мақсаты-мемлекетке қарасты өндірістік объектілерді, басқа да материалдық емес активтерді мемлекеттің өтеусіз және өтеммен беру арқылы республика халқына ұлттық мүлікті қайтару барысында меншік құқығын дербестендіру негізінде орталықтантырған – жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу үшін қажетті жағдайлар жасау.

Екінші кезеңде (1996-2005 жылдар) экономиканың шикізаттың бағытын біртіндеп жойылуымен жалғасады, бірақ оның басты мазмұны көлік жүйесі мен телекоммуникацияны жедел дамыту, сондай-ақ дамыған тауар және валюта, капитал, жұмыс күші, бағалы қағаздар интеллектілік меншік нарығын құру болмақ.

Үшінші кезең 5-7 жыл мерзімге созылып, ашық үлгідегі экономиканың шапшаң қарқын алып дамуымен сипатталды, соның негізінде өтпелі кезеңнің стратегиялық мақсатына жетумен Қазақстанның әлемдік саудадағы айқындамасындағы нығайуымен және дүниежүзіндегі жаңа индустриалды елдер қатарына кіруіне сипатталатын болады.

Тақырып бойынша талқылауға берілетін сұрақтар:

1. Қазақстанда нарықты экономикаға көшуді неше кезеңге бөлуге болады.
2. Маржиналдық теорияның өзгешелігі неде?
3. А. Смит саяси экономияның неше міндетін анықтады.

4. Классикалық экономияның пән ретінде қалыптасуын, ірі сала екенін анықтаған кім?

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. А. Смит белгілеген табыстың негізгі үш түрі:

- А) жалақы, құн, рента;
- В) жалақы, табыс, рента;
- С) жалақы, ақша, рента;
- Д) жалақы, пайда, рента;
- Е) барлық жауап дұрыс емес.

2. Нарықтық экономика теориясының негізін қалаушы:

- А) Аристотель;
- В) Томас Мен;
- С) Роберт Оуэн;
- Д) Адам Смит;
- Е) Карл Маркс.

3. Маржинализм өкілдерінің негізгі қағидалары:

- А) шекті пайда, шекті ресурс, шекті сауда;
- В) шекті шығын, шекті өнім, шекті өндіріс;
- С) шекті шығын, шекті сауда, шекті ресурс;
- Д) шекті пайдалылық, өнімділіктің шектілігі, шекті шығын;
- Е) барлық жауап дұрыс емес.

4. Нарықтық процестерді экономикалық реттеу қажеттілігін алғаш негіздеген кім?

- А) А.Маршалл;
- В) К.Маркс;
- С) неоклассиктер;
- Д) маржиналистер;
- Е) Дж.Кейнс.

5. Неоклассикалық бағыт өкілдерін табыңыз?

- А) У.Петти, Д.Рикардо;
- В) А.Тюрго, Ф. Кенэ;
- С) А.Маршалл, А.Пигу;
- Д) Т.Мен, А.Монкретъен;
- Е) К.Менгер, У.Джевонс.

Тақырып 3. Нарықты реттеу әдістері.

Нарықтық экономикадағы реттеудің мәні мен жолдары. Мемлекеттің нарықтық экономикадағы ролі. Мемлекеттің дағдарысқа қарсы қолданылатын құралдары. Мемлекеттік бюджет. Мемлекеттің экономикаға араласуы. Өтпелі кезеңде нарықты мемлекеттік реттеу жолдары. Қазақстан Республикасының нарықтық экономиканы жетілдірудің үрдістері. Қазақстанды дамытудың 2030 жылға дейінгі Стратегиялық бағдарламасы. Мемлекеттің монетарлық саясаты оның экономикаға әсері. ҚР монетарлық саясаты.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Экономиканы мемлекеттік реттеудегі басты мақсат - қоғамды, әлеуметтік-экономикалық жүйені, өзгермелі жағдай талабына бейімдеу, макроэкономикалық тұрақтылық пен тиімді тепе-теңдікті қамтамасыз ете отырып мемлекеттің ішкі, сыртқы байланыстарын нығайту. Бұл басты мақсатты орындаудағы, іске асырудағы алғашқы аттану нүктесі болып елдің экономикалық саясатынан туындайтын мақсаттары есептелінеді. Осы негізгі мақсатты және экономика мен әлеуметтік салалардағы мақсаттарды орындаудағы мемлекеттік реттеудің алдына қоятын мақсаттарын үш топқа бөлуге болады: экономиканы тұрақтандыру, шаруашылық жүргізудің тиімді механизмін құру, нарықтық экономика негіздерін қалыптастыру.

Экономикаға, әлеуметтік жүйеге мақсатты ықпал жасауда мемлекеттік реттеу құралдары тиімді және ұтымды болуы үшін, мақсаттарды жалпы экономикалық, әлеуметтік, шаруашылық-аймақтық деп, сонымен бірге ұзақ, орта, қысқа мерзімді деп бөледі.

Мемлекеттік реттеу мақсаттарын анықтауда және іске асыруда төмендегідей принциптер есепке алынады:

1. Бірінші кезектегі іске асырылуы және шешілуі жалпы мәселені ұтымды шешуге ықпал жасайтын маңызды сұрақтарды анықтау. Бұл принциптің іске асырылуы барлық ресурстарды, мүмкіндіктерді ұтымды пайдалануға, жақсы нәтижеге жетуге мүмкіндік береді. Олар:

- отын энергетика кешені;
- металлургия кешені;
- нарықтық азық-түлік және тұтыну тауарларымен толтыру.

2. Халық шаруашылығын басқарудың барлық деңгейлеріндегі шаруашылық жүйелерінің тиімді байланыстылығы.

3. Мемлекеттік реттеу міндеттерінің деңгейлері мен сипаттарына сай келетін құралдар жүйелерін құру.

4. Реттеу объектілеріне, оның ішінде қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуына маңызды ықпал жасайтын және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету объектілеріне кешенді ықпал ету.

Экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары, принциптері қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында төмендегідей тиімділіктерді қамтамасыз етуі тиіс.

1. Кәсіпкерлік іс-әрекеттердің дамуын қамтамасыз ететін қажетті

мотивация.

2. Салық салудың әлеуметтік тиімділігі.
3. Жалпы ішкі өнімнің өсуі.

Тақырып бойынша талқылауға берілетін сұрақтар:

1. Мемлекеттің экономикаға араласуы қажет пе?
2. Өтпелі кезеңде нарықты мемлекет қалай реттейді.
3. Қазақстан Республикасының нарықтық экономиканы жетілдірудің үрдістері.
4. Қазақстанды дамытуда қандай бағдарлама қабылданды.
5. Мемлекеттің монетарлық саясаты және оның әсері.

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасындағы нарықтық экономиканың қалыптасу шартына не жатады?
 - A) шағын бизнесті салықтандыру тәртібінің күшеюі;
 - B) бағаны ырықтандырудың қайталануы;
 - C) кейбір реттелетін бағалардың сақталуымен қатар, еркін баға қалыптастыру;
 - D) тұрғындарды әлеуметтік қолдаудан бас тарту;
 - E) аралас кәсіпорындар құру.
2. Бағалар нарықтық экономикада ... қалыптасады:
 - A) мемлекеттің баға саясатына байланысты;
 - B) сұрыныспен ұсынысқа байланысты;
 - C) сыртқы саудаға байланысты, валюталық бағам бойынша;
 - D) ішкі нарықтағы бағалар бойынша;
 - E) сыртқы нарықтағы бағалар бойынша.
3. Мемлекеттік реттеудің конституциялық, әкімшілік және азаматтық құқықтарының нақты заңды нормалары болуы қажет, сондықтан мынадай принципті қалай атаймыз:
 - A) қаластырудың принципі;
 - B) құқықтық қамтамыз ету принципі;
 - C) мемлекеттік реттеудің демократиялық принципі;
 - D) дұрыс жауап А мен В;
 - E) дұрыс жауап жоқ.
4. Мемлекеттік реттеудің конституциялық, әкімшілік және азаматтық құқықтарының нақты заңды нормалары болуы қажет, сондықтан мұндай принципті қалай атаймыз:
 - A) қаластырудың принципі;
 - B) құқықтық қамтамыз ету принципі;
 - C) мемлекеттік реттеудің демократиялық принципі;
 - D) дұрыс жауап А мен В;

Е) дұрыс жауап жоқ.

5. Көрсетілгендердің қайсысына мемлекет бағаны реттеу алады:

А) дүкендегі кітаптарға;

В) баспадан шығып жатқан газетке;

С) қымбат, бағалы тастарға;

Д) балаларға берілетін тағамдардың бағасын;

Е) тұрғындарға көрсетілетін коммуналдық қызметке.

Тақырып 4. Нарықтық механизмдегі сұраныс пен ұсыныс.

Нарық заңдылықтарының негізгі сипаты. Нарықтық экономика жағдайындағы сұраныс мен ұсыныс теориясының негіздері. Сұраныс пен ұсыныстың өзара байланысы. Нарықтың негізгі сипаты. Сұраныс заңы. Сұраныстың қисығы және оның қисығының өзгеруі. Ұсыныс заңы. Ұсыныс қисығы және оның қисығының өзгеруі. Нарықтағы икемділік түсінігі. Сұраныс пен ұсыныстың икемділігі.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Нарық қоғамдық еңбек бөлінісімен келісілген және шаруашылық субъектілерімен шеттелген тауарлы өндіріс дамуының табиғи-тарихи үрдісінің нәтижесі. Алғашқыда рынок деп адамдар тауар мен қызметтерді айырбастайтын орынды атаған. Нарық- әлемдік өркениеттің жетістіктерінің бірі. Нарықтық қатынастар мәнін анықтауда рынок түсінігінің екі жақты маңызы бар екенінен шығу керек. Біріншіден, нарық өз мағынасында айырбас айналым аясын іске асырылатын өткізуді білдіреді. Екіншіден, нарық — бұл өндіру, бөлу, айырбас пен тұтыну үрдістерін қамтитын адамдар арасындағы экономикалық қатынастар жүйесі. Нарықтың экономикалық әрекет етуі жиынтығында рынок жүйесін құрайтын оның белгілі бір элементтерінің болуын көздейді. Нарықтық механизмнің маңызды элементтеріне сұраныс, ұсыныс, баға, бәсеке жатады. Нарықтық экономиканың бірінші элементі — орталық буыны сұраныс пен ұсыныс сияқты құрамдас болып табылады. Сұраныс рынокта тауарларға деген қажеттілік түрінде жүреді. Тұтынушылар осы тауарларды қалыптасқан бағалармен ақша табысы кезінде сатып ала алады. Ұсыныс өндірістің ең үнемді әдістері мен ресурстарды тиімді пайдалануға қатысты ынталандырушы ретінде жүреді. Нарықтық механизмнің баға элементі айрықша зерттеуді қажет етеді. Баға сұраныс пен ұсыныс нәтижесінде қалыптасады және географиялық ауданда өндірілетін осы тауарға деген рыноктық қатынастың әрекеті аясын анықтайды. Нарықтық механизмнің элементі — бәсеке пайданы мол табуға және осының негізінде өндіріс көлемін кеңейтуге жол ашады.

Нарық күрделі құрылымға ие және өз серімен экономиканың барлық сферасын қамтиды. Нарықты келесі критерийлер бойынша бөлуге болады:

1. Нарықтық қатынастар объектілерінің экономикалық қызметі бойынша:

- материалдық игіліктермен қызмет көрсетулер нарықтары;
- өндіріс құралдары нарықтары;
- ғылыми-техникалық жасалымдар рыноктары;
- құнды қағаздар нарықтары;
- жұмыс күші нарықтары.


2. Өндірістік белгілері бойынша:

- аймақ ішілік;
- аймақ аралық;
- ұлттық;
- халықаралық.

3. Бәсекені шектеу дәрежесі бойынша: монополиялық, олигополиялық, салааралық рыноктар.

Нарық біріншіден, не, қалай, кім үшін өндіру керек деген мәселелерді шешеді, екіншіден, ол арқылы өндірушілер мен тұтынушылар байланысы бекітіледі, үшіншіден, өнімді өндіруге кеткен шығындарды есептеу жүргізіледі, төртіншіден, баға бекіту, бесіншіден, өндірушілерді әлеуметтік жіктеу жүзеге асырылады.


Қандайда болмасын нарықта реттеуші механизмдер болып сұраныс пен ұсыныс табылады. Сұранысты құрайтын тұтынушылар. Сұраныс — бұл төлем қабілеті бар қажеттілік. Сұраныстың мөлшері тек қана бір факторға тәуелді болады — бұл тауардың бағасы. Тауардың бағасы мен сұраныстың арасында кері байланыс болады.



Сұраныс заңы — нарықта тауардың бағасы неғұрлым жоғары болса, оған деген сұраныс азаяды және керісінше баға төмендеген кезде сұраныс артады. Сұраныстың өзгеруіне әсер ететін факторлар (график-1):

- тұтынушылардың жалпы саны;
- тұтынушылардың табыс көзі, егер табыс жоғары болса, сұраныс жоғары және керісінше табыс төмен болса, сұраныс төмен болады;
- тұтынушының талғамы мен сән (мода).
- ауыстырмалы тауарлардың баға деңгейі. Мысалы: сиыр еті және түйе еті ауыстырмалы болып саналады.

График-2. Ұсыныс қисығы.



Нарықта ұсынысты құрайтын өндірушілер және сатушылар. Ұсыныс — бұл нарықта белгілі бір бағамен ұсынылатын тауарлар мен қызметтердің жиынтығы. Тауардың бағасы мен оған деген ұсыныстың арасында тікелей байланыс бар.

Ұсыныс заңы: егер нарықта тауардың бағасы көтерілсе, оған деген ұсыныс көбейеді және керісінше тауардың бағасы төмендесе, ұсыныс төмендейді. Ұсыныс санын және мөлшерін өзгертетін тек қана тауардың бағасы (График-2). Сонымен бірге ұсынысқа нарықта келесі факторлар әсер етеді:

- сатушылар немесе өндірушілердің саны;
- пайдаланатын ресурстардың бағасы және сапасы;
- салықтар мен дотациялардың деңгейі, салықтардың деңгейі өндіріс көлемін азайтады, сол себептен ұсыныс та төмен болады, ал бюджет тарапынан түсетін көмек қаржы ұсынысты көбейтеді;
- ауыстырмалы тауарлардың бағасы.

Егер бағаның немесе табыстың өсуі болса, онда тұтынушылар тауарды мол сатып алады да күнделікті шығындарды көбейтеді. Ал, керісінше жағдайда тауарға күнделікті сұраныстың азаюына әкеп соғады. Қарастырылып отырған бір фактордың екінші фактордың әсерінің нәтижесінде сұраныс сезімталдығын анықтау үшін икемділік деген түсінік пайдаланылады. Икемділіктің өлшем бірлігі болып икемділік коэффициенті болып табылады. Сұраныстың баға бойынша икемділік коэффициенті былай анықталады:

$$K_{(и.б.)} = Q \text{ өсуінің пайызы} / P \text{ өсуінің пайызы};$$

Тақырып бойынша талқылауға берілетін сұрақтар:

1. Сұраныс пен ұсыныстың арасында қандай байланыс бар?
2. Сұраныс заңы нені сипаттайды?
3. Сұраныс қисығының өзгеруіне әсер ететін факторларды атаңыз.
4. Ұсыныс заңы нені сипаттайды?
5. Ұсыныс қисығының өзгеруіне әсер ететін факторларды атаңыз.
6. Нарықтағы тепе-теңдік түсінігі.
7. Сұраныс пен ұсыныстың икемділігі.

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. Қандай да бір тауар өндірісіне қажетті материал бағасының өсуі неге әкеледі?

- A) сұраныс қисығын жоғары жылжытады (немесе оңға);
- B) сұраныс және ұсыныс қисықтарын жоғары жылжытады;
- C) ұсыныс қисығын жоғары жылжытады (немесе солға);
- D) ұсыныс қисығын төменге жылжытады (немесе оңға);
- E) өзгеріссіз қалады.

2. Жаңа технологияны қолдану:

- A) сұраныс қисығын жоғары және оңға жылжытады;
- B) сұраныс қисығын төмен және оңға жылжытады;
- C) ұсыныс қисығын төмен және оңға жылжытады;
- D) ұсыныс қисығын жоғары және солға жылжытады;
- E) өзгеріссіз қалады.

3. Тауардың сұраныс бағасы- бұл:

- A) тауарды сатып алуға болатын баға;
- B) тауарды сатып алуға болатын ең төменгі баға;
- C) сатып алушының осы тауарға төлеуге дайын ең жоғары бағасы;
- D) осы тауар сатылатын орташа баға;
- E) тұтынушы табысы.

4. Қандай да бір тауар ұсынысы- бұл:

- A) өндірушілердің қандай да бір тауар өндіруге деген ынтасы;
- B) бір жыл ішінде елде өндірілген барлық тауарлар;
- C) анықталған бағада өндірушілер сатуға дайын тауар көлемі;
- D) анықталған бағада өндірушілердің тауарды сатуға дайындығы.
- E) өзгеріссіз қалады.

5. Тауарға сұраныс көлемі өзгереді, егер:

- A) басқа тауарлар бағасы өзгерсе;
- B) өндіріс технологиясы өзгерсе;
- C) тауар сапасы өзгерсе;
- D) тауар бағасы өзгерсе;
- E) тауар бағасы өзгеріссіз қалса.

Тақырып 5. Тұтынушының таңдау теориясы.

Шекті пайдалылықтың азаю принципі. Талғаусыздық концепциясы. Пайдалылықты анықтаудың кардиналистік және ординалистік жолдары (тәсілдері). Тұтынушының ұнатулары және талғамсыздық қисық сызықтары. Тұтынушының пайдалылығын жоғарылату жағдайлары. Алмастырудың шекті нормасы. Бюджеттің шектеулілігі. Тұтынушының тепе-теңдігі. Тұтынушының бюджеттік шектеуі.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Шекті пайдалылықтың азаю принципі. Талғаусыздық концепциясы. Пайдалылықты анықтаудың кардиналистік және ординалистік жолдары (тәсілдері). Тұтынушының ұнатулары және талғамсыздық қисық сызықтары. Тұтынушының пайдалылығын жоғарылату жағдайлары. Алмастырудың шекті нормасы. Бюджеттің шектеулілігі. Тұтынушының тепе-теңдігі. Тұтынушының бюджеттік шектеуі.

Негізгі түсініктер және анықтамалар.

Пайдалылық – бұл тұтынушылардың игіліктерді тұтынудан алатын қанағаттану сезімін көрсетеді. Пайдалылық функциясы тұтынатын тауарлар мен қызметтердің мөлшері мен олардың адамдарға әкелетін пайдалылықтары арасындағы байланысты көрсетеді. Пайдалылық - бұл тауардың тұтынушыны қанағаттандыратын қабілеті. Тұтынушының талғамын зерттеу 3 кезеңнен тұрады.

I кезең: Тұтынушының таңдауы. Бұл кезеңде тұтынушы ең жоғары пайдалылыққа қол жеткізетін құрамын анықтап, заттың пайдалылығын бағалап іс- әрекеттер жасайды.

II кезең: Тұтынушы таңдаған заттарын белгілеп, оған қаражатын жеткізетін бюджетін қарастырып, бюджет шектеулілігін білдіреді.

III кезең: Тұтынушының тепе-теңдік жағдайы белгіленеді. Сондықтан пайдалылық, пайда, баға, табыс, тұтынушының бюджеті, талғам теориясының негізі болып табылады.

Пайдалылықтың жалпы және шекті пайдалылығы қарастырылады.

Жалпы пайдалылық деп тауардың құрамын тұтынғанда тұтынушыға келетін барлық пайдалылықты айтамыз. Жалпы пайдалылық функциясы тұтынушының тұтынатын тауар құрамын көрсетеді және былай көрсетіледі:

$TU=F(Q_x, Q_y, \dots Q_u)$ жалпы пайдалылық;

$MU=\frac{TU}{Q}$ - шекті пайдалылық;

Тауардың тұтыну көлемі көбейгенде пайдалылық азая бастайды. Бұл марженалдық теорияда шекті пайдалылық теориясы болып табылады.


Шекті пайдалылықтың заңы- сатылып алынатын тауардың саны көбейген сайын әрбір қосымша тауардың пайдалылығы азаяды. Шекті пайдалылық дегеніміз – тұтынушыға тауардың қосымша бір бірлігін тұтынғанда қосымша келетін пайдалылық. Тауардың бағасы шекті пайдалылықпен белгіленеді.

Тұтынушының пайдалылығын жоғарылату жағдайлары. Талғамсыздық қисығы. Тұтынушының таңдауы-бұл ресурстардың шектеулі жағдайындағы тұтынушының пайдалылығын жоғарылататын таңдау.

Кардиналистік теорияда тұтынушының пайдалылығын белгілеу үшін ютиль деген ұғым енгізілген. Ютиль- тұтынушының тауарды тұтынуда, қажеттілігін қанағаттандырғанда есептейтін бірлік.

Ординалистiк теория бойынша тұтынушының тұтынатын тауар құрамын және оның пайдалылығын талғамсыздық қисық арқылы белгілейдi.

Талғамсыздық қисық тұтынушыға бiрдей пайдалылық әкелетiн тауарлардың жиынтығын көрсетедi. Талғамсыздық қисығының кез- келген нүктесiнде тұтынушыға бiрдей пайдалылық әкелетiн екi тауар құрамы көрсетiледi (*3-график*).




3-график. Талғамсыздық қисығы.

Бiр графикте көптеген талғамсыздық қисығын салуға болады. Бұлар талғамсыздық қисығының картасы деп аталады. Ең жоғарғы тұрған қисық ең көп пайда әкеледi.

Талғамсыздық қисықтарының қасиеттерi:

1. талғамсыздық қисықтары көлбеу терiс болады.
2. талғамсыздық қисық координаттың бұрышына қарағанда доғал түрiнде белгiленедi.
3. талғамсыздық қисықтар бiр- бiрiмен қиылыспайды. Бiр-бiрiне параллель түрiнде орналасады. Себебi, бiр талғамсыздық қисығының бойында орналасқан жиынтықтардың әкелетiн пайдалылығы бiрдей (*4-график*).



4-график. Талғамсыздық қисықтарының картасы.

Алмастырудың шекті мөлшері. Бюджеттің шектеулілігі, тұтынушының тепе-теңдігі. Талғамсыздық қисығының аралығында бір тауар екінші тауармен тиімді алмастыратын жері алмастыру аралығы деп аталады. Бұл жерде алмастырудың шекті мөлшері деген түсінік енгізілген. Алмастырудың шекті мөлшері X тауарын пайдалануды бір өлшемге арттыру үшін қанша өлшем Y тауарынан бас тарту қажеттігін көрсетеді және мына формуламен белгіленеді:

$$MRS_{x/y} = -\frac{\Delta y}{\Delta x};$$

Талғамсыздық қисықтары тек тұтынушының талғамын көрсетеді. Одан басқа тауардың бағасы мен тұтынушының табысын ескеру керек. Бұны бюджеттің шектеулілігі білдіреді. Бюджеттің шектеулілігі берілген ақшаның сомасына қандай тауар құрамын алуға болатынын көрсетеді.

Бұны бюджеттік теңдік арқылы зерттейміз. Бюджеттік теңдік мына формуламен белгіленеді:

$$i = P_x \cdot X + P_y \cdot Y$$

$$\text{егер } x=0; \quad y = \frac{i}{P_y};$$

$$\text{егер } y=0; \quad x = \frac{i}{P_x};$$

Бюджет сызығы тұтынушының бюджеті шектеулі екенін білдіреді.

Тұтынушылар бюджет шектеулілігін ескеріп, ең көп пайдалылық әкелетін тауарлар құрамын анықтайды. Бұдан ең ұтымды тауарлар құрамы бюджет сызығы мен талғамсыздық қисығының жанама нүктесінде орналасады. Бұл тұтынушының теңдестік жағдайын көрсетеді.

Теңдестік жағдайда алмастырудың шекті нормасы мен бюджет сызығының бұрыштық коэффициенттері тең болады. Сондықтан тұтынушы өзінің теңдестік

жағдайына қол жеткізу үшін X және Y тауарларының келесі шарт орындалмайтындай етіп таңдауы қажет:

$$MRS_{x/y} = -\frac{\Delta Y}{\Delta X} = \frac{MU_y}{MU_x} = \frac{P_y}{P_x};$$

Тақырып бойынша талқылауға берілетін сұрақтар:

1. Пайдалылық ұғымы нені білдіреді?
2. Талғамсыздық картасының ерекшеліктері неде?
3. Алмастырудың шегі дегеніміз не?
4. Шектеулі бюджетке қандай факторлар әсер етеді?
5. Табыстың өсуі бюджет қисығына әсері қандай?

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. Талғамсыздық қисығының ерекшелігін анықтаңдар:

- A) талғамсыздық қисықтары қиылыспайды;
- B) тағамсыздық қисығы оң бұрылыста болады;
- C) әрбір нүктеде қанағаттандырудың әртүрлі деңгейі сипатталады;
- D) талғамсыздық қисықғы бір нүктеде қиылысады;
- E) талғамсыздық қисықғы бастарына қарағанда көлбеулігі оң болып келеді.

2. Табыстың өсуінің бюджет қисығына әсері қандай?

- A) егер табыс жоғарыласа, бюджет сызығы жоғары жылжиды;
- B) бюджет қисығы көлденең түседі;
- C) егер табыс жоғарыласа, бюджет сызығы төмен және солға жылжиды;
- D) баға өзгереді;
- E) бюджеттің шектеулігіне өзгеруіне табыс әсер етпейді.

3. Алмастыру эффектісі бұл- тауарға сұранысты тудыратын...

- A) тауарлардың бағасының жалпы деңгейінің өзгерісі;
- B) алмастырушы тауарларды сатып алатын тұтынушылардың талғамдарының өзгеруі;
- C) алғысы келетін тауарларға бағаның төмендеуінен болатын нақты табыстағы өзгерістер;
- D) тауардың жаңа алмастырушыларының ұсынысы.
- E) A) және B) жауабы дұрыс.

4. Егер тұтынушының табысы артса, онда бюджет шектеуінің қисығы:

- A) түзу сызық болады;
- B) сол жаққа жылжиды;
- C) бюджеттік сызығы көлбеу сызыққа өзгереді;
- D) сол қалпында қалады;
- E) оң жаққа жоғары жылжиды.

5. Жалпы пайдалылық өседі, егер шекті пайдалылық

А) кемісе;

В) өссе;

С) жай қарқынмен өссе;

Д) өссе, кемісе, бірақ қорытындысы оң болып табылса;

Е) кері шама болса.

Тақырып 6. Материалдық ресурстар және ғылыми-техникалық прогресс нарығы.

Өндіріс құралдар-жабдықтары нарығы және оны қалыптастыру, жүзеге асыру мәселелері. Тұтыну тауарлары мен қызмет нарығы. Ғылыми-техникалық прогресс нарығы. ГТР-дың даму динамикасы. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы экономика механизмі. Негізгі және айналым қорларының пайдаланылу тиімділігін анықтау әдістері, негізгі қорларын жаңарту, істен шығару коэффициенттері. Негізгі қорлар және амортизациялық аударымдар. Қазақстан Республикасындағы ғылыми-техникалық прогресс нарығы.

Негізгі түсініктер және анықтамалар

Қоғамдық өндірістің екі нысаны бар. Шаруашылықтың бірінші тарихи нысаны натуралды шаруашылық болып табылады. Натуралды шаруашылық — бұл адамдар өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өнім жасайтын ұйымдастыру-экономикалық қатынастардың жүйесі. Натуралды шаруашылық алғашқы тайпалық құрылыс қалыптасуы кезеңінде туып, құл иеленуші мемлекеттерде үстем етті және феодалдық экономикалық басты қасиеттерінің бірін құрады. Қазіргі кезде ол индустрияға дейінгі өндіріс, дәстүрлі экономика басым дамушы елдерде сақталып қалды.

Шаруашылықтың ең кең таралған нысаны — тауарлы шаруашылық болып табылады. Онда өндіріс пен тұтыну арасындағы байланыс, экономикалық қызметті үйлестіру бәсеке жағдайында рынокта тауарларды сатып алу-сату жолы арқылы іске асырылады. Тауарлы шаруашылық — бұл пайдалы өнімдер рынокта сатылу үшін жасалатын ұйымдастыру-экономикалық қатынастар жүйесі.

Тауарлы өндірістің даму сипаты айырбас пен рыноктық дамуына байланысты. Еркін рыноктың тауарлы өндірісі тұсында адамның жұмыс күші тауарға айналды және өндірушінің өз еңбегінің орнына жалдамалы еңбек келді, қоғамдық өнімнің басым бөлігі тек жеке тұтыну емес, рынок арқылы сатуға арналды. Бұл тауарлы өндіріс еркін бәсекенің болуымен сипатталатындықтан, оны әлі күнге дейін еркін бәсеке дәуірінің капитализмі немесе «еркін экономика» деп атайды.

Тауар — бұл нарықта басқа тауарға балама айырбастауға бағытталған еңбекпен жасалған қоғамдық пайдалылық. Тауарлы тепе-тең өнімге айырбастау кезінде рынокта айырбас құнына ие болады. Айырбас құны — бұл тауардың белгілі бір сандық пропорцияда басқа пайдалы заттарға айырбастала алу қабілеті. Айырбас пропорциясы тауарларға енгізілген құн

көлеміне байланысты болады. Сонымен тауардың екі қасиеті болады: пайдалылық және құн.

Құнның еңбек теориясының негізгі мазмұны (Уильям Петти, Адам Смит, Давид Рикардо, Карл Маркс) келесідей қағидалардан көрінеді:

1. Рыноктық айырбастың түрлі өнімдері бірдей ішкі мазмұнға – құнға ие. Сондықтан олар белгілі бір айырбас пропорциясында бір-біріне теңестіріле алады.

2. Барлық тауарлардың құны тауар өндірушілердің қоғамдық еңбегімен жасалады. Еңбек қоғамдық, себебі рыноктік өнімді дайындаушы өзіне жұмыс істемейді, пайдалы затты қоғамның басқа мүшелері үшін жасайды. Құн тауарға енгізілген қоғамдық еңбек.

3. Құнды құрайтын еңбектің өзі оның күрделілігі немесе сапасы бойынша ерекшеленеді. Еңбек қарапайым және күрделі еңбек болып ерекшеленеді. Күрделі еңбек — бұл көбейтілген қарапайым еңбек. Күрделі еңбектің барлық түрлерін қарапайым еңбектің белгілі бір санына әкелу — бұл еңбек редукциясы.

4. Еңбектің ішкі өлшемі бар, ол — жұмыс уақыты.

5. Жеке жұмыс уақытын (қызметкер, кәсіпорын) және қоғамдық қажет жұмыс уақытын (рыноктық) бөліп көрсетеді. Тауар құны жұмыс уақытының қоғамдық қажеттілігімен анықталады.

6. Қоғамдық қажетті жұмыс уақыты — бұл төменде көрсетілген кездерде өнімдерді дайындауға жұмсалатын уақыт:

а) өндірістің қоғамдық дұрыс жағдайы (саладағы ең көп тараған) кезінде;

ә) жұмыстың орташа шапшаңдығы кезінде;

б) қызметкерлердің орташа біліктілігі кезінде.

Қоғамдық өндіріс үш элементтің: адам еңбегі, еңбек заты мен еңбек құралдары өзара әрекеті арқасында жүзеге асырылады. Оларды еңбек процесінің қарапайым сәттері деп атайды. Қоғамдық өндіріс процесінде ресурстар пайдаланылады. Ресурстар – материалдық және рухани қызметтерді жасау процесінде пайдаланылуы мүмкін түрлі өндіріс элементтерінің жиынтығы. Ресурстар түрлері: табиғи ресурстар, еңбек ресурстары, өндіріс құралдары, ақпараттық ресурстар және кәсіпкерлік қабілет. Ресурстардың абсолютті және салыстырмалы шектеулілігі ажыратылып жүр. Абсолютті шектеулілік ретінде өндірістік ресурстардың қоғам мүшелерінің барлық қажеттіліктерін бір мезгілде қанағаттандыруға жетіспеушілігін айтады. Егер қажеттіліктер шеңберін тарылтса, онда қажеттіліктердің абсолюттік шектеулілігі салыстырмалы болады, өйткені қажеттіліктердің шектеулі шеңбері үшін ресурстар салыстырмалы түрде шексіз болмақ.

Адамдардың экономикалық қызметінің бастапқы мезеті болып өндіріс табылады. Өндіріс әр түрлі факторлардың өзара әрекеттесуін білдіреді, олар: еңбек, жер, капитал және кәсіпкерлік. Еңбек – бұл адамның өзіндік дене, интеллектуалдық және рухани күш-қуатын жұмсау процесі. Жер – ол табиғаттың берген барлық пайдалы заттарын қамтиды, яғни жер, су мен орман ресурстары, пайдалы қазбалар байлығы. Капитал – бұл тауарлар мен қызметтер

өндіруде қолданылатын адамдардың жасап шығарған өндіріс құрал жабдықтары мен ақша жинақтары.

Қоғамдық өндіріс – адамдардың өмір сүруі үшін қажетті материалдық игіліктер мен қызметті жасау мақсатында табиғат заттарына әсер ету процесі. Ұдайы өндіріс – бұл өндіріс процесінің қайталануы. Ол жай және ұлғаймалы болады. Жай ұдайы өндіріс – бұл өндіріс процесінің бұрынғы ауқымында қайталануы, ұлғаймалы ұдайы өндіріс – ұлғаймалы мөлшерде өндірістің жаңартылып отыруы. Ұлғаймалы ұдайы өндірістің үш түрі болады: интенсивті, экстенсивті, аралас.

Интенсивті	Аралас	Экстенсивті
Техника мен технологияны жетілдіру нәтижесінде өндірістік потенциалды ұлғайту.	Өндіріс қуатын өндіріс факторлары санын және техника мен технологияны жетілдіру нәтижесінде ұлғайту.	Өндіріс қуатын өндіріс факторлары санын көбейту нәтижесінде ұлғайту .

Қоғамдық өнімнің барлық өтетін төрт сатысы немесе кезеңдері өзара тығыз байланысады және қоғамдық өндірісті құрайды. Олар:

- өндіріс пайдалы өнім шығару процесі;
- бөлу өндірілген өнімдегі әр адамның үлесін анықтауды білдіреді;
- айырбас – бұл бір өнімнің басқа бір өнімге айырбасталу процесі;
- тұтыну – адамның қажеттіліктерін өтеуі үшін өндірілген игіліктердің қолданылуы.

Тұтыну екі сипатта: өндірістік және өндірістік емес болу мүмкін. Өндірістік тұтыну дегеніміз өндіріс процесінде өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмысшы күшін пайдалану ұдайы өндіріс негізін құрайды. Өндірістік емес тұтыну жеке және қоғамдық болып екіге бөлінеді. Жеке тұтыну – бұл адамдардың тамаққа, киімге, білім, демалысқа және т. б. қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Қоғамдық тұтыну — қоғамның ғылымға, білімге, мәдениетке, басқаруға, қорғанысқа және т. б. қажеттіліктерін қанағаттандыру Қазақстанда мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаттың қалыптасу негіздері. Экономикалық қатынастардың жалпы жүйесінде инновациялық қызметтің түпкі нәтижелері - өндіріс тиімділігін арттыру, еңбек өнімділігі мен капиталдың өсуі, жоғары технологиялы өнім көлемі - елдің экономикалық қуатын айқындайтын болғандықтан, оған басты рөл беріледі.

Дамыған индустриялы елдерде технологиялардан, құрал-жабдықтардан, кадрлар даярлаудан, өндірістерді ұйымдастырудан көрініс табатын жаңа ілімдер үлесіне ЖІӨ өсімінің 80-нен 95 %-іне дейін келеді. Бұл елдерде жаңа технологияларды енгізу нарықтық бәсекелестіктің өзекті факторы, өндіріс тиімділігін арттырудың және тауарлар мен қызметтер сапасын жақсартудың негізгі құралы болып отыр. Қазіргі уақытта ғылымды көп қажетсінетін отандық өндірісті дамыту, бәсекеге қабілетті өнімдерді алуға бағдарланған жаңа

ақпараттық технологияларды әзірлеу мен игеру және республиканың өнеркәсіп пен ғылыми-техникадағы әлеуетін сақтау мен дамыту есебінен ұлттық экономикалық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету Қазақстан экономикасының өзекті стратегиялық міндеттері болып табылады.

Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты - инновациялық процестерді жандандыруға, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізуге, өңдеуші өнеркәсіптегі жаңа қайта бөлістерді игеруге, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті жандандыруға, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты еңсеруге, индустриялық қызметті ынталандыруға, озық шетел технологиясының нақты трансферті мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуге бағытталып отыр.

Қазақстандық өндірушілерге ғылыми әзірлемелерді рыноктық тауар деңгейіне жеткізу тәжірибесі жетпейді, менеджмент, маркетинг және талдау саласындағы жоғары білікті мамандар жеткіліксіз. Осыған байланысты қазақстандық мамандарды жетекші шетелдік ғылыми-зерттеу институттары мен компанияларына тағылымдамаға жіберу және отандық кадрлар даярлау үшін республикаға жоғары білікті шетел мамандарын тарту тәжірибеге енгізілетін болады. Қазақстандағы ғылымның қазіргі таңдағы жағдайы аяқталған ғылыми әзірлемелер мен қажетсіз өндірістер санының көптігімен сипатталады. Бұл айтарлықтай үлкен әлеует және оны пайдалану инновациялық қызметті дамытудың негізгі міндеттерінің бірі болуы тиіс.

Сонымен, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары:

- мемлекеттің қатысуымен маманданған венчурлік қорлар құру және венчурлік капиталды ғылыми-техникалық және инновациялық салаға тарту;
- инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау нысандары мен әдістерін әзірлеу;
- инновациялық қызметтің мемлекеттік, салааралық, салалық және өңірлік сипаттағы маманданған субъектілерін құруға енетін инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру;
- инновациялық сала үшін кадрлар даярлау және қайта даярлау;
- өнеркәсіптің базалық салаларында жаңа технологиялық құрылымды қалыптастыру;
- технологиялардың өркениетті рыногы үшін жағдайлар жасау, яғни авторлық құқықты, патенттер мен сауда белгілерін қорғау саласындағы барлық халықаралық конвенцияларды тану арқылы шетел технологиясының трансфертін ынталандыру;
- отандық кәсіпорындардың үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес сапа стандарттарына өтуін жандандыру;
- халықаралық донор ұйымдардың, мүдделі қаржы-кредит және шаруашылық құрылымдарының гранттарын тартуы болып табылуы тиіс.

Тақырып бойынша талқылауға берілетін сұрақтар:

1. Өндіріс құралдар-жабдықтары нарығы дегеніміз не?

2. Тұтыну тауарлары мен қызмет нарығының ерекшеліктерін атаңыз.
3. Ғылыми-техникалық прогресс нарығының қазіргі жай-күйі.
4. Еліміздегі ғылымның және техниканың өзгерісінің динамикасына талдау.

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. Ұдайы өндіріс үдерісі нені қамтиды?

- A) тауарлар және қызметтер өндірісін;
- B) игіліктерді бөлістіруін;
- C) игіліктермен алмасуды;
- D) игіліктерді тұтынуды;
- E) B) және C) жауабы дұрыс.

2. Материалды және қаржылық ресурстар: ғимараттар, құрал-жабдықтар, қаржылық құралдар өндіріс факторларының қай тобына жатады?

- A) еңбек ресурсына;
- B) капитал ресурсына;
- C) жер ресурсына;
- D) кәсіпкерлікке;
- E) ақпаратқа.

3. ҒТП-тің негізгі бағыттарына жататындар:

- A) өндірісті автоматтандыру, механизациялау;
- B) инвестиция тарту;
- C) өндірісті жетілдіру;
- D) сертификациялау;
- E) стандартизациялау.

4. Өндіріс – бұл ...

- A) қоғам үшін қызмет көрсету;
- B) қоғам үшін өнім әкелу;
- C) қоғам тұтынатын игіліктерді шығару үрдісі;
- D) қоғам үшін тауар сату;
- E) қоғам үшін тұтынуға қажетті тауарды жеткізу.

5. Жетілген бәсеке нарығындағы фирма түсінігі:

- A) Нарықтан шығу жолы шектеулі.
- B) Басқа фирмалармен бәсекеге түсе алмайды.
- C) Берілген салада үлесі жоғары.
- D) Бәсекелестермен ресми әдістерімен күреседі.
- E) Нарықта бағаның қалыптасуына әсерін тигізбейді.

Тақырып 7. Қаржы нарығы. Еңбек нарығы.

Қаржы нарығының мәні және оның құрылымы. Бағалы қағаздар нарығы. Еңбек нарығы. Жұмыспен қамту саясаты және еңбек нарығы. Жұмыссыздық

және оның түрлері. Еңбек биржасы және оның атқаратын қызметтері. Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының басты проблемасы. Валюта нарығы.

Тақырып бойынша талқылауға берілетін сұрақтар:

1. Қаржы нарығының мәні неде?
2. Құнды қағаздар нарығының ерекшеліктерін атаңыз?
3. Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының басты проблемасы.
4. Еліміздегі жұмыссыздықты жою саясаты және еңбекпен қамтудағы басты проблемаларды атаңыз?
5. Жұмыссыздықтың түрлерін ататыз.
6. Жұмыспен қамту орталығының қызметтеріне не жатады?

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. Еңбек нарығында делдалдық қызмет атқаратын арнайы мекеме - бұл:

- A) екінші дәрежелі банктер;
- B) өндіріс орындары және фирмалар;
- C) еңбекпен қамтамасыз ету биржасы;
- D) қаржы нарығы;
- E) сақтандыру компаниясы.

2. Жұмыссыздық немен байланысты:

- A) еңбек нарығының жақсы қалыптасуына;
- B) жалақының аз-көптігіне;
- C) еңбекке деген сұраныс пен ұсынысқа;
- D) кәсіпкерліктің дамуына;
- E) шығындардың көлеміне.

3. Екі жақты еңбек нарығы келесіден пайда болады:

- A) еңбек нарығында ақпараттың жетіспеуі;
- B) ішкі еңбек нарығының болуы;
- C) технологиялық себептерге байланысты жұмыс орынының бірдей болмауы;
- D) фирма арқылы ұтқырлықты заңмен шектеу;
- E) барлық жауап қате.

4. Лоренц қисығы мынаны бейнелейді:

- A) салықтық түсімдер көлемінің салық базасының өзгеруіне тәуелділігі;
- B) салықтық түсімдер көлемінің ЖІӨ-нің өзгеруіне тәуелділігі;
- C) салықты енгізудің нәтижесінде жиынтық сұраныстың өзгеруі;
- D) салықты енгізудің нәтижесінде жиынтық ұсыныстың өзгеруі;
- E) халықтың табыстарындағы теңсіздік.

5. «Қаржы нарығы инфрақұрылымы» нені білдіреді:

- A) инвестиция субъектілері, инвестициялық делдалдар және реттеуші мекемелер қатысушылары;
- B) құқықтық қамтамасыздық, бағдарлама, депозиторлық және есептік – клирингтік жүйе, тіркеу органы;
- C) қаржы нарығы, қаржы институттары, брокерлік және дилерлік компаниялар, консалтингтік фирмалар;
- D) ҚР бағалы қағаздар бойынша реттеушілер, Қаржылық Министрлік және Ұлттық банк;
- E) B) және C) жауабы дұрыс.

Тақырып 7. Қаржы нарығы. Еңбек нарығы.

Қаржы нарығының мәні және оның құрылымы. Бағалы қағаздар нарығы. Еңбек нарығы. Жұмыспен қамту саясаты және еңбек нарығы. Жұмыссыздық және оның түрлері. Еңбек биржасы және оның атқаратын қызметтері. Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының басты проблемасы. Валюта нарығы.

Негізгі түсініктер және анықтамалар.

Қаржы қатынастары кез – келген ел экономикасының дамуының негізі болып табылады. Қаржы ресурстарының айналымы мен қайта бөлінуі қаржы нарығын көрсететін олардың айналымының өзіндік сферасын құрайды. Нарықтық экономика жағдайында жалпы алғанда, қаржы нарығы нарықтық қатынастар жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.


Осылайша, **қаржы нарығы** – капиталға сұраныс пен ұсынысты қалыптастыру шегіндегі делдалдар көмегімен қарыз берушілер мен қарызгерлер арасындағы капиталды қайта бөлу механизмдерінің жүйесі.

Қаржы нарығының негізі қызметтері:

- **реттеушілік**, яғни мемлекеттік басқару органдары тараптарымен де, өзін - өзі реттеу ұйымдары көмегімен нарықты реттеу жүзеге асырылады.
- **ақпараттық**, яғни қаржы нарықтарының барлық қатысушыларына ақпараттың тең және толық қол жеткізілімінің қамтамасыз ету.
- **бөлгіштік**, яғни қаржы нарығы құралдарының айналымы ақша құралдарының экономиканың бір саласынан басқа салаларға өтуін қамтамасыз етеді.
- **саудалық**, яғни қаржы нарығында жүргізілетін барлық операциялар қалай да болмасын барлық мәміле қатысушыларына табыс әкеледі.
- **баға қалыптастырушылық**, яғни еркін бәсекелестік жағдайында нарықта сұраныс пен ұсыныстың әсерімен қаржы құралдарына баға қалыптасады.

Қаржы жүйесімен жүзеге асырылатын бос ақша ресурстарының әртүрдегі инвестицияларға түрлену процесі қаржы нарықтарының қызмет етуімен және қаржы институттарының қызметімен тікелей байланысты.

Схема-1. Қазақстанның қаржы нарығының құрылымы.



Қаржы нарығы ақша, депозит, несие, валюта, қор, сақтандыру, зейнетақы нарықтарының қаржы құралдарымен сауда – саттық жүргізудің ұйымдастырылған жүйесін білдіреді. Бұл жерде тауар ретінде төлем құралдары мен бағалы қағаздар болып табылатын ақша құралдарының ағымдарын меншік иелерінен қарызгерлерге бағыттайтын қаржы институттары маңызды рөл ойнайды. Кез – келген нарық сияқты, қаржы нарығы да қаржы ресурстарын сатушылар мен сатып алушылар арасында тікелей қатынас орнатуға арналған.

Еңбек нарығы. Жұмысбастылық ұғымымен еңбекке жарамды халықтың жұмыспен қамтылғаны түсіндіріледі. Ал, есейген еңбекке жарамды халықтың жұмысы жоқ, бірақ іздеп жүрген бөлігі жұмыссыздықты құрайды. Жұмыссыздық өз еркімен болатын және еріксіз жұмыссыздық болады. Экономикада жұмыссыздықтың 3 нысаны бар:

- 1) фрикциондық – бұл жұмыс күшінің жаңа орынға көшуімен, аймақтық мәселелермен, жаңа мамандық алумен, оқуға кетумен байланысты жағдайда болатын жұмыссыздық;
- 2) құрылымдық – жекелеген аймақтардың және салалардың даму ерекшелігімен байланысты болатын жұмыссыздық;
- 3) циклдық – нарықтық конъюктураның өзгеруімен байланысты болатын жұмыссыздық.

Толық жұмысбастылық халықты экономикадағы фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздықтан шығармайды, бар болуын қамтиды, яғни толық жұмысбастылық жұмыссыздықтың абсолютті жоқ болуын көрсетпейді. Жұмысбастылық толық болғанда жұмыссыздық деңгейі «жұмыссыздықтың табиғи деңгейі» деп айтылады.

Әлемдік тәжірибеде Оукен заңы қолданылады. Жұмыссыздықтың деңгейі ағымдық көтерілуі табиғи жұмыссыздықтан 1% үлкен болса, потенциалды ЖҰӨ салыстырғанда ЖҰӨ 2,5% төмендейді. Жұмыссыздық деңгейінің мөлшері, жалпы жұмыссыз санының жұмыс күші санына пайызды түрдегі қатынасын сипаттайды:

$$\text{Жұмыссыздық мөлшері} = \frac{\text{жұмыссыздық саны}}{\text{жұмыс күшінің саны}} * 100 \%$$

Жұмыссыздықтың экономикалық және әлеуметтік салдары:


1. Қоғамда бар болатын потенциалды мүмкіндіктер көлемімен салыстырғандағы ЖҰӨ көлемі артта қалып отырады.
2. Халықтың әр түрлі әлеуметтік топтарында жұмыссыздық шығыны тепе-тең бөлінбейді.
3. Жоғары дәрежелі маман жұмысшылар жоғалады.

Инфляция – бұл ұсыныс пен сұраныс арасындағы дисбаланс және бағаның өсуіне байланысты басқа да ұлттық шаруашылық пропорциялар бұзылуы нәтижесі. Инфляция ашық және басыңқы деп ажыратылады. Біріншісі -- бағаның өсуі, екіншісі – тауардың жоғалуы. Сонымен бірге инфляция сұраныс және ұсыныс инфляциясы болып бөлінеді. Сұраныс инфляциясында сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігі сұраныс жағынан бұзылады. Мұндай жағдай толық жұмыспен қамтылуда, жалақының өсуінде пайда болады, бұдан жинақталған сұраныс артық болады, ал бұл бағаның өсуіне итермелейді. Ұсыныс инфляциясын шығын инфляциясы деп те атайды, демек өндіріс шығынының өсуіне байланысты бағаның өсуі.

Тәжірибеде көп елдер инфляциямен күрес ретінде келісімді жолды таңдайды. Бұл теорияның негізінде жұмыссыздық қозғалысы мен инфляция қарама-қарсы деген тұжырым жатыр. Демек үкімет жұмыссыздықты немесе инфляцияны таңдауы тиіс. Алғашқы номиналды жалақы мен жұмыссыздық арасындағы байланысты айқындауға әрекет жасаған Филлипс жұмыссыздық деңгейінің түсуі баға мен жалақы өсіміне әкеледі деген қорытындыға келген. (График-3)

График-3 . Инфляция мен жұмыссыздың өзара байланысы.

Баға Жалақы



жұмыссыздар %

Көптеген рынокты экономикалы елдерде бағаның жалпы деңгейінің өсуі өндіріс көлемінің қысқаруымен бір мезгілде болады. Бұл жағдайды стагфляция деп атайды.

Тақырып бойынша талқылауға берілетін сұрақтар:

1. Қаржы нарығының мәні неде?
2. Құнды қағаздар нарығының ерекшеліктерін атаңыз?
3. Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының басты проблемасы.
4. Еліміздегі жұмыссыздықты жою саясаты және еңбекпен қамтудағы басты проблемаларды атаңыз?
5. Жұмыссыздықтың түрлерін ататыз.

6. Жұмыспен қамту орталығының қызметтеріне не жатады?

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. Еңбек нарығында делдалдық қызмет атқаратын арнайы мекеме - бұл:

- A) екінші дәрежелі банктер;
- B) өндіріс орындары және фирмалар;
- C) еңбекпен қамтамасыз ету биржасы;
- D) қаржы нарығы;
- E) сақтандыру компаниясы.

2. Жұмыссыздық немен байланысты:

- A) еңбек нарығының жақсы қалыптасуына;
- B) жалақының аз-көптігіне;
- C) еңбекке деген сұраныс пен ұсынысқа;
- D) кәсіпкерліктің дамуына;
- E) шығындардың көлеміне.

3. Екі жақты еңбек нарығы келесіден пайда болады:

- A) еңбек нарығында ақпараттың жетіспеуі;
- B) ішкі еңбек нарығының болуы;
- C) технологиялық себептерге байланысты жұмыс орынының бірдей болмауы;
- D) фирма арқылы ұтқырлықты заңмен шектеу;
- E) барлық жауап қате.

4. Лоренц қисығы мынаны бейнелейді:

- A) салықтық түсімдер көлемінің салық базасының өзгеруіне тәуелділігі;
- B) салықтық түсімдер көлемінің ЖІӨ-нің өзгеруіне тәуелділігі;
- C) салықты енгізудің нәтижесінде жиынтық сұраныстың өзгеруі;
- D) салықты енгізудің нәтижесінде жиынтық ұсыныстың өзгеруі;
- E) халықтың табыстарындағы теңсіздік.

5. «Қаржы нарығы инфрақұрылымы» нені білдіреді:

- A) инвестиция субъектілері, инвестициялық делдалдар және реттеуші мекемелер қатысушылары;
- B) құқықтық қамтамасыздық, бағдарлама, депозиторлық және есептік – клирингтік жүйе, тіркеу органы;
- C) қаржы нарығы, қаржы институттары, брокерлік және дилерлік компаниялар, консалтингтік фирмалар;
- D) ҚР бағалы қағаздар бойынша реттеушілер, Қаржылық Министрлік және Ұлттық банк;
- E) B) және C) жауабы дұрыс.

Тақырып 8. Астыртын экономика нарығы. Табыс және әлеуметтік қорғау жолдары.

Астыртын экономиканың мәні және негізгі белгілері. Астыртын экономиканың әдістері мен ұйымдық құрылымы. Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету. Табыс және әлеуметтік қорғау жолдары. Табыстың мәні және оның түрлері. Нарық жағдайындағы әлеуметтік қорғау жүйесі.

Негізгі түсініктер және анықтамалар.

Астыртын нарық - бұл астыртын экономиканың бір бөлігі, ол көрсетілетін қызметтер мен айналымдағы тауарлардың сатылуымен тығыз баланысты, ол сол елдегі сатуға тиым салынған заттар болуы мүмкін (мысалы, адам саудасы және т.б.), немесе айналымдағы саудасы шектелген құралдар (қару-жарақ және наркотикалық заттар). Әдетте, астыртын нарық контрабандамен тығыз байланысты және ұйымдасқан қылмыстық топтар бақылауында болады.

Астыртын экономика үкіметтің, құзырлы мекемелердің бақылауынан тасада, ішкі жалпы өнім санатына енгізбей тауар-материалдық құндылықтарды өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну, ақылы қызметтер көрсету;

1. Жекелеген азаматтар, әлеуметтік топтар тарапынан мемлекеттік, жекеше, акцион және басқа меншік түрлерін жеке бастың пайдасы және топтық мүдделер үшін пайдаланып, мемлекет басқару органдарынан жасырылатын заңсыз әлеуметтік - экономикалық қатынастар орнатуы арқылы жүзеге асырылатын экономикалық қызметтің күллі түрінің әлеуметтік - экономикалық әдебиеттегі атауы.

Астыртын экономиканың бейресми (ашық жүретін, бірақ салықтан табысты жасыратын, ресми статистикада ескерілмейтін) экономика, қосып жазу, алаяқтық шарттар мен пара алушылық тән жалған экономика, заң тыйым салатын көлеңкелі экономика деп аталатын түрлері бар.

Ол Кеңес Одағы кезінде де болған. Көптеген елдерге тән. Нарықтық экономикаға ауысуға байланысты Көлеңкелі экономика ТМД елдерінде кең етек алды. Көлеңкелі экономика құрылымы экономикалық қатынастардың қылмыстық тұрпаттарымен де, бейқылмыстық тұрпаттарымен де бой көрсетеді.

- Біріншіден, Әділет министрлігінде, мемлекеттік органдарда тіркелген жекелеген азаматтар және бірлестіктер арасындағы экономикалық қатынастар (“екінші” экономика).

Олардың қатарына жеке еңбек қызметінің қылмысқа жатпайтын, бірақ рәсімделмеген түрлері, мәселен, қосалқы және үй шаруашылығын жүргізу, тұрғын үйлер, саяжайлар салу және жөндеу; автомобильдерді, тұрмыстық техниканы жөндеу және оларға күтім жасау жөнінде дербес қызмет көрсету; жекеше тасымал; мұқтаждарға медициналық, педагогикалық және техникалық көмек көрсету; тұрғын-жайды жалға беру, т.б. жатады.

Шаруашылық заңдарына өзгерістер енгізу нәтижесінде экономиканың бұл секторы жариялылық сипат алды. Алайда қаржы және салық қызметтерінің әлсіздігі, экономикалық қатынастарды әкімшілік жолмен жосықсыз

тәртіптеулер, қоғамдағы әлеуметтік және экономикалық тұрлаусыздық, т.б. кедергі жасауда.

- Екіншіден, бұл шаруашылықты жүргізудің қолданыстағы жүйесінің жетілдірілмеуі себепті жеке басылық және топтық мүдделерді қанағаттандыратын бейресми, көбінесе, жалған экономикалық қатынастар.

Мұндай бейресми экономикалық қатынастардың қатарына: қоғамдық өнімнің қайталанған шоты, есеп-қисаптағы қосып жазушылық және басқа бұрмалаушылық, арзан шикізат пайдаланып сапасыз өнім шығарып, асыра бағалап сату, өнімсіз шығыстар мен шығасылар, шикізатты, дайын өнімді, т.б. баспабас айырбастау ретінде көрініс табады, мұның өзі айтарлықтай көлденең кіріс алуға мүмкіндік береді.

Көлеңкелі қатынастардың аталған түрлері ресми экономикалық құрылымдардың ішінде бой тасалап жұмыс істейді және сыбайлас жемқорлықпен, парақорлықпен, қорқытып алушылықпен, т.б. ұштасады.

- Үшіншіден, бұл заңсыз өндірістік қызметке, қызмет бабын теріс пайдалануға, экономиканың өндірістік және бөлістік аясына пайдакүнемдікпен, зорлықпен басып кіруге негізделген қылмыстық қатынастар.

Көлеңкелі экономика қатынастарының бұл тұрпаты экономикалық қылмыстылықтың көптеген түрлерін, соның ішінде оның неғұрлым қоғамға қауіпті көріністегі пішіні – ұйымдасқан экономикалық қылмысты қамтиды. Ол, көбінесе, адам құқықтарының, еңбек заңының сақталмауымен заңсыз өндірістік қызмет, пайдакүнемдікпен жасалатын лауазымды шаруашылық қылмыстар, есірткі бизнесі, заңсыз құмар ойын бизнесі, аламандық (рәкет), т.б. сипатты құқық бұзушылықтар болып табылады. Табысты және табыстың көлемін салық салудан жасырушылық астыртын экономиканың кең таралған құбылысына айналады.

Көлеңкелі экономикаға қарсы күрес – икемді салық жүйесін жасау, шағын бизнеске, шаруа қожалықтарына мемлекет тарапынан қолдау көрсету, т.б. іс-шаралар арқылы пәрменділік сипат алады.

Экономикалық өсу. Экономика қандай да елде болмасын өзінің дамуында бір-бірімен алмасып тұратын және тығыз байланысты төрт экономикалық кезеңдерден өтеді: Өрлеу, Құлдырау, Тоқырау, Жандану. Оларды біртұтас жүйе ретінде экономикалық цикл деп атайды.

Экономикалық циклдың созылу ұзақтығы туралы экономистер арасында әртүрлі пікірлер бар. Американдық экономистер Уэсли Митчелл мен Джозеф Китчиннің ойынша оның созылу ұзақтығы 3-4 жылға созылады және тауарлы материалды қорлар көлеміндегі ауытқулармен түсіндіріледі. Соңғы автордың атымен қысқа мерзімді экономикалық циклдарды Китчин циклдары деп атау қабылданған. Бірақ көбінесе ғалымдар экономикалық цикл кезеңін 8-10 жылға теңеп қарайтын еді. Осындай циклді толықтай және оның себептерін біріншілердің бірі болып сипаттап берген француз экономисті Клемент Жугляр болды. Міне сондықтан да 8-10 жылға созылатын орта мерзімді циклдарды Жугляр циклдары деп атау қабылданған. Сонымен бірге 48-55 жылға созылатын

экономикалық циклдар немесе «ұзақ толқындар» теориясы белгілі. Бұл теорияның авторы орыс экономисті Николай Кондратьев болды. Экономикалық әдебиеттерде ұзақ мерзімді циклдарды оның атымен, яғни Кондратьев циклдары деп атайды.

Өндірістік циклдың ең маңызды фазасы – бұл дағдарыс. Дағдарыс кезінде тек ірі капиталы бар кәсіпорындар ғана өндіріс шығындарын азайту жолымен сақталып қалады. Орта және шағын кәсіпорындар экономикалық жағдайының нашарлығын тұрақтандыра алмай банкротқа ұшырайды. Себебі барлық тауарларды өзіне тартқан рынок белгілі бір уақытта лық толады, ал тауарлардың келуі толастамайды. Сұраныс мөлшері азаяды. Сол себепті баға төмендейді.

90-жылдары ерекшелігі құрылымдық дағдарыстар болды: мұнайға, энергетикаға, шикізатқа, валюталық, азық-түліктік. Құрылымдық дағдарыстар: жалпы азық-түлік өндірісіне үлкен ықпал етеді, циклдық дамудың дәстүрлік көрінісін өзгертеді. Ауыл шаруашылығында циклдық даму негізгі орын алады. пайда болады. Аграрлық дағдарыстың пайда болуының негізгі формалары: ауыл шаруашылығының тауарының сатылмаған запасының өсуі, оларға бағаның түсуі, өндіріс көлемі қысқаруы, жұмыссыздық өсуі, еңбекақы түсуі. Азық-түлікке қарағанда аграрлық дағдарыс көбіне ұзақ және тоқырамалы болады, циклық сипаттамасы болмайды.

Тоқырау фазасы дағдарыстан кейін болады, ол ұзаққа созылуы мүмкін. Жұмыссыздық жоғары болып бағаның төмендеуі тоқталады, қарыз пайызы азаяды, тауар қорлары бір деңгейде қалады. Жандану фазасында өндіріс деңгейі аздап өседі, жұмыссыздық та қысқарады, бірте-бірте бағалар көтеріле бастайды, қарыз пайызы да өседі. Жандану барысында маңызды салалар өзіне жаңа капитал тартып тың икемділіктер көрсетеді. Өрлеу фазасында өндіріс деңгейі циклдың бастапқы кезінен асып түседі, жұмыссыздықтың азаюы жалақының өсуімен қатар жүреді. Өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты шикізат ресурсына сұраныс артып, олардың бағасы көтеріледі. Өрлеу фазасында алдыңғы жандану фазасында байқалған сәтсіздіктер күшейеді. Сөйтіп экономика кезекті сатыға жақындайды. Тұрғындар санының артуы ж.,не олардың мүмкіндіктерінің өсуі өнім шығаруды көбейту бағытын таңдауға міндеттейді. Өндірістің қайталанатын процесіне өндірістің қосымша құралдары мен еңбек күші тартылады және осы арқылы қоғамның экономикалық потенциалы өседі. Бұл өндірілетін қоғамдық өнімнің және оның өндіріс факторларының сандық өсуі мен сапалық жетілуі арқылы бейнеленеді. Экономикалық өсу екі өзара байланысты тәсілдермен: белгілі уақыт аралығындағы ЖҰӨ-нің немесе ТҰӨ-нің нақты көлемінің өсуімен немесе өмір деңгейінің артуын көрсететін ұлттық өнімнің тұрғындар басына шаққандағы өсуімен анықталады және өлшенеді.

Тақырып бойынша талқылауға берілетін сұрақтар:

1. Әлеуметтік саясатты жүргізу құралдарын атаңыз.
2. Әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаттары қандай?
3. Экономикалық өсудің факторлары қандай?
4. Экономикалық өсудің өлшеу тәсілдерін неше топқа бөлуге болады?
5. Көлеңкелі экономикаға сипаттама беріңіз.

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. Әлеуметтік қызмет көрсету дегеніміз не?

A) денсаулық сақтау, мәдениет;
B) білім беру, ғылым;
C) басқару;
D) қорғаныс;
E) барлық жауап дұрыс.

2. Әлеуметтік-экономикалық саясат:

A) мемлекеттік бюджеттік кіріс пен шығынды, бюджет тапшылығын реттеу бойынша шаралары;
B) Үкіметтің салық жинап, оны мемлекеттік бюджет қаржыларына жаратуға мүмкіндігін пайдалану;
C) Қаржы ресурстарын мобилизациялау үшін мемлекеттің шаралары;
D) Қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайларын реттеу бойынша әрекеттер бағытының бірі;
E) нарықтық экономиканың барлық субъектілері өз ісінде инфляцияны ескереді.

3. Экономикалық өсу түрлері:

A) интенсивті;
B) экстенсивті;
C) аралас;
D) экстенсивті және интенсивті;
E) аралас және интенсивті.

4. Экономикалық өсу факторлары:

A) сұраныс факторлары;
B) ұсыныс факторлары;
C) бөлістіру факторлары;
D) технология;
E) аталғандардың барлығы.

5. Өндірістің төмендеуі неге байланысты?

A) кәсіпкерлік салықтардың өсуі;
B) субсидиялардың қысқаруы;
C) ресурстарға бағалардың төмендеуі;

- D) проценттік ставканың өсуі;
- E) барлық аталғандар.

Тақырып 9. Нарықтың салық жүйесі. Нарық жағдайындағы баға.

Салықтың мәні, принциптері және атқаратын қызметтері. Салықтың негізгі түрлері. Мемлекеттің нарықтық жүйедегі орны және қызметтерін анықтау, экономикалық саясаттың қалыптасуының теориялық негіздерін, оның негізгі тетіктерін жан-жақты қарастыру. Пайдаға салынатын салық. Қосымша құнға салынатын салық. Акцизді салық. Мемлекеттің фискальдық саясаты.

Негізгі түсініктер және анықтамалар.

Бюджет – табыс пен шығыстың тепе-теңдігі. Мемлекеттік қаржының құрамдас бөлігі — мемлекеттік бюджет. Оның көмегімен ЖҰӨ (жиынтық ұлттық өнім) бөледі және қайта бөледі. Бюджеттің табысы. Кәсіпорын табысына салық, сатудан түскен табысқа салық, жергілікті салық, сыртқы экономикалық қызметтен табыс, табыс салығы, ссуда қорының құралы, рента төлемдері, салықсыз табыс және т. б. Бюджеттің шығысы: экономиканы, қоғамдық – мәдени бағдарламаны, қорғанысты, басқаруды, мақсатты бағдарламаны қаржыландыру, несие және басқа мемлекеттерге көмек.


Мемлекеттің табыс көзі – салық. Салық – құрылған және анықталған заңмен белгіленген тәртіп бойынша мемлекет пайдасына алым алу, бұл алы шаруашылық субъект табысының бір бөлігі. Салық салу – бұл табысты және қайнар көздерді, мемлекеттік құралдарды толықтыру үшін реттеуші құрал. Қалыптасу механизмі бойынша салықтар: тікелей және жанама деп бөлінеді. Қазақстанда салық: республикалық және жергілікті деп екі топқа бөлінеді. Республикалық бұл міндетті. Төлем сомасы тең үлесі республикалық бюджетке және салық төлеуші қала немесе аудан үлесіне түседі. Жергілікті – салықтың мөлшері жергілікті үкіметтің шешімімен анықталады.

Салық қандай болу керек деген сауалға американ профессоры А. Лаффер ұсыныс теориясын дәлелдеген. Табыс салығының көтерілуі бірдей іскерлік белсенділікті төмендетеді немесе кәсіпкерлік қызмет пайдасыз болады. Ал салық мөлшерінің аз болуы жұмысқа, қор жинауға, инвестицияға, іскерлік тәуекелдік қабылдауға, ұлттық өндіріске және табысқа ынта туғызады. Нәтижесінде салық негізі кеңейеді. Бұл салық мөлшері төмен болса да, салық түсімдерін жоғарлатады. Салық мөлшері мен салық кірісі арасындағы байланыс «Лаффер қисығы» деген атау алды (График-4.).

Мемлекеттік бюджет тапшылығының себептері:

1. Экономикалық дағдарыс жағдайында табыстың төмендеуі және ұлттық табыстың өсуінің азаюы.
2. Мемлекеттік бюджетке түсетін акциз салығының азаюы.
3. Бюджет шығысының өсуі.
4. Қаржы-экономикалық саясаттың тұрақсыздығы.

График-4. Лаффер қисығы.



Бюджет тапшылығын жабатын үш дәстүрлі амал бар: мемлекеттік заем шығару, салық салудың қатаңдығы, ақша өндірісі немесе «сеньораж», яғни ақша басу. Бюджет тапшылығының артуы мемлекеттік қарыздың өсуіне келеді.

Мемлекеттік қарыз – белгілі бір уақытта жиналған бюджеттік тапшылықтың сомасы, бұл сомадан осы уақыттағы бюджеттің оң сальдосы шегеріледі. Мемлекеттік қарыз сыртқы және ішкі болады. Сыртқы мемлекеттік қарыз – шет ел мемлекеттеріне, ұйымдарына, жеке тұлғаларына қарыз. Ішкі мемлекеттік қарыз – үкіметтің ел азаматтарына қарызы. Мемлекеттік қарыздың болуы шынайы теріс салдарға әкеліп соқтырады.

Тақырып бойынша талқылауға берілетін сұрақтар:

1. Салық дегеніміз не?
2. Салықтардың елдің экономикасында алатын орны?
3. Салықтың түрлерін атаңыз?
4. Салық салу мөлшері дегеніміз не?
5. Жергілікті салықтарды атаңыз?
6. Салық салуды ретеу дегеніміз не?

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. Лаффер қисығы қандай тәуелділікті сипаттайды:
 - A) тұрғындардың салық ставкасы мен салық ауыртпалығы;
 - B) мемлекеттік бюджетке салық ставкасы мен салық түсімдері;
 - C) салық ставкасы мен түсімдер деңгейдегі салықтық база;
 - D) жеке жинақ дәрежесі және салық ставкасы;
 - E) өнім өндіру және салық жүктемесінің көлемі.

2. Салық қызметінің құрылымы келесі түрде беріледі:
 - A) салықты бақылау мекемесі, салық полициясы, кедендік комитет, алкогольді өнімдердің өндірісі мен айналымын бақылайтын комитет;
 - B) салықты бақылау мекемесі, мемлекеттік мүлікті бақылау мекемесі, кеден комитеті;

- C) салықты бақылау мекемесі, ішкі – алыс беріс жөніндегі комитет, алкогольді өнімдердің өндірісі мен айналымын бақылайтын комитет, қазыналық комитеті;
- D) ҚР-ның Қаржы Министрлігінің салық департаменті;
- E) дұрыс жауап жоқ.

3. Салық қандай функцияны атқарады?

- A) бөлістіру және бақылау;
- B) бөлістіру және қайта бөлістіру;
- C) фискалдық, реттеуші, қайта бөлу;
- D) фискалдық, қайта бөлу, бақылау;
- E) ынталандыру, фискалдық, бақылау.

4. Салықтың реттеуші қызметінің мәні неде:

- A) мемлекеттік шығындарды қаржыландыру;
- B) әлеуметтік теңдікті ұстап тұру;
- C) салық жеңілдіктерін беру;
- D) мемлекеттік табыстарды азайту;
- E) мемлекеттік табыстарды арттыру.

5. Аталғандардың қайсысы экономиканы жанама реттеу элементіне жатады?

- A) еңбекақының минимальды деңгейін тағайындау
- B) монополияға қарсы заңдылықты қабылдау
- C) денсаулыққа зиянды тауарлар өндірісіне тиым салу
- D) салықтық реттеу
- E) инфляцияға қарсы саясат.

Тақырып 10. Маркетинг-бизнестің өзегі.

Маркетингтің мәні және даму кезеңдері. Маркетингтің принциптері, атқаратын қызметтері және оның концепциясы. Маркетингті басқару қағидаты. Маркетингтік зерттеудің негізгі түрлері. Маркетингтік ақпарат жүйесі және маркетингтік зерттеу үрдісі. Басқару табиғаты және менеджмент эволюциясы. Маркетингтік жүйені ұйымдастыру олардың нарықпен тығыз байланыста жұмыс істеуі. Сапаның қазіргі менеджменті сапаны басқару кеңесшілерінің бағдарламалары.

Негізгі түсініктер және анықтамалар.

Нарықты зерттеу дегеніміз тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті мәліметтер жинау.

Алдын-ала зерттеу кезінде зерттегелі отырған нарық туралы арнаулы әдебиеттерде жарияланған мәліметтерді іздеп табу және оларға талдау жұмысы жүргізіледі. Зерттеу кезеңінде қажетті мәліметтер тізбегі, оларды алу әдістері, нәтижелерді сараптау әдісі мен беру түрі көрсетілген нақты жоспар жасалады.

Сондай-ақ зерттеу объектісінің макетін құрастырып жоғары тұрған басшылыққа бекіттіріп алу ұсынылады.

Нарыққа талдау жүргізілгенде келесі мәселелерге назар аударылады:

1. Нарықтың және оның жеке сегменттерінің сыйымдылығын анықтау;
2. Тауар өткізудің конъюнктуралық және болжамдық зерттеулеріне;
3. Сатып алушының мінез-құлығын зерттеу;
4. Бәсекелестердің қызмет тәжірибесін зерттеу.

Маркетингтің мәні мен оның принциптерінен туындайтын нарықтық және маркетингтік зерттеулерді ажыратады. Олардың айырмашылығы зерттеу объектілерінде.

Нарықтық зерттеулер жұмыстарын жобалау кезеңінен бастау қажет. Зерттеу жобасы деп таңдалып алынған зерттеу тақырыбын негіздеуді қамтамасыз етуге бағытталған алдын-ала анықтауды айтады. Жұмыстың жобалық кезеңі альтернативті варианттарды салыстырып, олардың біреуін басшылық бекіткеннен кейін аяқталады.

Тақырыбы таңдалғаннан кейін принциптерін анықтау қажет. Осыған байланысты нарықтық зерттеулер жобасын бағалау әдістерін талдаған орынды. Зерттеу тақырыбы таңдалғаннан кейін зерттеудің зерттеушілердің өз күштерімен немесе сырттан орындаушылар тарту арқылы атқарылатындығына қарамастан оны жүзеге асыру жұмыстарын жоспарлау қажет.

Зерттеуге кіріспес бұрын төмендегідей даярлық жұмыстары жүргізіледі:

1. Мәселелерді белгілеу және міндеттерді алғашқы баяндау.
2. Қойылған мәселенің маңыздылығы мен міндеттің дұрыстығын тексеру үшін қолда бар мәліметтерді пайдаланып іздеу зерттеулерін жүргізу.
3. Қажетті бастапқы мәліметтер түрлерін, оларды жинау мен талдау әдістерін анықтау.
4. Міндеттерді алдын-ала баяндау, мәселені анық белгілеп өте қысқа түрде баяндау қажет. Барлық негізгі тұжырымдамалар жазбаша баяндалуы тиіс.
5. Іздеу зерттеулерін жүргізу. Оның мақсаты мәселенің ауқымы мен оның қойылуының дұрыстығын анықтау үшін қолда бар негізгі шешуші мәліметтерді жинау. Іздеу зерттеу жұмыстарының нәтижелері алғашқыда белгіленген тапсырмаларды түбірімен қайта қарау немесе оның қойылуының дұрыстығын дәлелдеу.
6. Зерттеуді бөлшектеп жоспарлау және қорытындылау. Онда алда тұрған мәселені тиімді шешудің салыстырмалы жолдары туралы ұсыныстардың болғаны дұрыс.

Тақырып бойынша талқылауға берілетін сұрақтар:

1. Нарықты зерттеу дегеніміз не?
2. Маркетингтік қызмет нені қамтуы қажет .
3. Басқару табиғаты және менеджмент эволюциясы.
4. Маркетингтік жүйені ұйымдастыру олардың нарықпен тығыз байланыста жұмыс істеуін қалай түсіндіруге болады.
5. Сапаның қазіргі менеджментін саралаңыз.

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. Қазақстандағы маркетингтің дамуына не әсер етеді?

- A) маркетинг бойынша халықаралық ұйымдар;
- B) нарықтың экономикалық емес реттеушілерінің саны;
- C) бәсекелестіктің дамуы;
- D) Қазақстанның басқа елдермен халықаралық қатынастарының дамуы;
- E) Қазақстанның басқа елдермен экономикалық қатынастарының дамуы.

2. Маркетингтің ұйымдық қызметінің нарықтық құрылымы – бұл ...

- A) фирманы қызықтыратын нарық түріне сәйкес құрылым;
- B) нарықтың әртүрлі сегментіне сәйкес звенолардан тұратын құрылым;
- C) аймақтық нарықтар және тұтынушылардың типтері бойынша басқарушыларды бөлістіру құрылымы;
- D) мақсатты нарыққа бағытталған маркетинг қызметінің құрылымы;
- E) тауар ассортименті бойынша маркетинг қызметін ұйымдастыру.

3. Маркетинг қызметінің қай моделі нарық сегменті мен тұтынушылардың бір түріне байланысты ұйымдастырылады?

- A) тауарлық;
- B) матрицалық;
- C) нарықтық;
- D) аралас;
- E) функционалдық.

4. Маркетингтік зерттеу – бұл ...

- A) нарықты зерттеу;
- B) үнемі жүргізілетін жинақ жүйесі, талдаудың квалификациясы, маркетингтік ақпараттарды тарату және бағалау;
- C) әртүрлі маркетингтік мәселелерді табу және шешу үшін ақпарат жинақтау, талдау және топтастыру;
- D) сауда ғимараттарында өткізілетін маркетингтік шаралардың кешені.

5. Маркетингтің келесі принципі нені меңзейді «өндіруге болатын емес, ал сатуға болатын тауар өндіру»?

- A) тұтынушылардың нақты қажеттілігін және кәсіпорынның өнім өндіру мүмкіндігін біле отырып өнім өндіруді;
- B) нарық пен сұраныстың өзгерісін есепке алатын өндірістің мобилділігі мен икемділігін;
- C) нарыққа әсер ету, сұранысты тудыру және ынталандыруды;
- D) нарықтағы фирманы басқарудың негізгі функциясын жүзеге асыруды;
- E) фирманың ақырғы нәтижесіне қол жеткізуге мақсат.

Тақырып 11. Инфляцияның мәні, себептері және зардаптары.

Инфляцияның мәні, тарихи және пайда болу себептері. Инфляцияның түрлері. Инфляцияны бәсеңдету шаралары. Экономикалық цикл және оның кезеңдерін, жұмыссыздықтың мәні мен түрлері, оның зардаптарын, инфляция түсінігі және қазіргі кездегі инфляцияның салдарын, инфляция түрлері, инфляцияға қарсы саясат туралы түсінік. Инфляцияның экономикалық және әлеуметтік зардаптары.

Негізгі түсініктер және анықтамалар.

Инфляция- экономикадағы болып жатқан құбылыстар кезінде ақшаның құнының төмендеуі және сонымен байланысты нарықтарғы тауарлар мен қызметтердің бағасының жоғарылау қарқыны. Инфляция ертеден келе жатқан құбылыстардың бірі. Ең алғашқы рет бұл ұғым ақша массасының айналысына қатысты АҚШ-та қолданылды. Шет ел нарықтарында инфляцияны ашық және жасырын деп екі топқа бөледі.

-Ашық- баға еркін құрылатын нарықта, тауарлар мен қызметтерге баға өсіп отырады.

-Жасырын – бағаны реттеп отыратын экономикада кездеседі, елдегі бағаны мемлекеттің реттеуімен пайда болатын түрі. Ол өз кезегінде тауарлар санының азаюына, шығарылған өнімнің сапасының жеткілікті дәрежеде болмауына, ақшаның айналысқа түспей жинақталына, астыртын экономиканың белең алуына, тауарларды ауыстыру іс-әрекеттерінде көрінеді.

Ашық инфляцияның түрлері:

- Сұраныс инфляциясы- бұл елде жұмыссыздық болмаған жағдайда пайда болады, ақша жеткілікті дәрежеде болғандықтан тауарға сұраныс өседі де тауар тапшылығын тудырады. Инфляцияның бұл түрі нарықта монополизм үстемдік еткенде және ұзақ уақыт бойы экономика әкімшіл-әміршіл экономикалық жүйеде болған кезде орын алады.

-Шығын инфляциясы- өнім өндіріуге кететін өндіріс факторларының қымбатшылығы кезінде орын алады. Өнім өндіріуге кеткен шығын саны өскен кезде, ол өнімнің өзіндік құнының өсуіне алып келеді.

- Құрылымдық инфляция – ел ішінде қызмет етіп отырған салар арасындағы тепе-теңдіктен тутындайды. Нарықты толыққанда қанағаттандырмағандықта, бір саланың тапшылығы тауар бағасының жоғарылауына әкеліп соғады.

Экономикалық өзгерістерді болжау арқылы инфляция күтілген және күтілмеген болып бөлінеді.

Тауарлар мен қызметтерге бағаның өсуі жағынан инфляция:

-Баяу инфляция – бұл кезде баға жылына 10% дан аз мөлшерде өседі. Ғалымдардың пайымдауынша экономикаға тигізетін әсері ол, себебі, күрделі қаржының өсуіне әсер етеді, елде жұмыссыздық деңгейі төмендейді.

-Қарқынды немесе гиперинфляция- бұл кезде баға жылына 20-200%-ға дейін өседі.

-Ұшқыр инфляция – бұл кезде баға және айналымдағы ақша массасы өте жоғары жылдамдықпен өседі де бай мен кедей адамдар арасы алшақтап, тұрмыс жағдайы қиындайды.

Инфляция деңгейі баға индексі көмегімен өлшенеді. Ағымдағы тұтыну баға индексінен өткен кезеңдегі тұтыну баға индексі алынып, өткен кезеңдегі тұтыну баға индексіне бөлінеді.

Инфляцияның туындау себептері:

- Мемлекеттік бюджеттің тапшылығының өсуі, яғни түсімнен шығынның көп болуы. Мемлекет тапшылықты ақша эмиссиясы арқылы жоятын болса, айналымдағы ақша көлемі молаяды.

- Тауарлар мен қызмет өндіру көлемінің қысқаруы, тауар тапшылығына алып келеді.

- Кейбір өндірушілер үшін монополиялық жағдайдың басым болуы, олардың өзінің шығарған өнімдерін жоғары бағамен сатуы.

- Өндіріс факторларының қымбаттауы әсерінен шығындардың өсуі, шикізат, материалдар, жалақы шығындарының өсуі.

- Елдің экономикасының ашық болуы, әлемдік нарыққа шығу инфляцияны шеттен әкелу қаупін жоғарылатады.

Инфляция қарапайым жұмысшылар үшін олардың тұрмыс жағдайына зардапты ықпалы зор. Себебі тауарлар мен қызметтер бағасы бірнеше есеге жоғарылайды, ал мемлекет жалақыны дәрежесін өзгеріссіз қалдырады. ал мемлекет жалақыны бұрынғы дәрежесінен арттырмауына тырысады. Ақшаның құнсыздануы халықтың тұрмыс жағдайының төмендетуіне әкеліп соқтырады. Инфляциядан барлық өнім шығаратын өндірістер зиян шегеді. Инфляцияның деңгейінің жоғарылауы өз кезегінде еңбек етуге деген ынтаны төмендетеді. Инфляция- тауар тапшылығының басты себебі болып саналады. Инфляция халықаралық қатынастарды, жұмыс күшін ұдайы өндіру шарттарын бұзады, экономикалық қылмыстар мен астыртын экономиканын дамуын жол ашады.

Инфляцияның экономикалық және әлеуметтік зардаптары:

1. Елдегі ұлттық табыс және байлық қоғамның әр түрлі топтарының арасында қайта бөліске түседі.
2. Инфляцияның жоғары қорқынмен өсуі ұзақ мерзімге жоспар жасауды төмендетеді, кәсіпкерлердің тәуекелін өсіреді.
3. Қоғамдағы саяси тұрақтық бұзылады, елдегі әлеуметтік шиеленістер жоғарылайды.
4. Ұлттық тауарлар бәсекеге қабілетсіз болады, ол экспорттың азаюына әкеліп соқтырады, жұмыссыздық қарқыны өседі.
5. Шетелдің тұрақты валютасына деген сұраныс өседі, ол өз кезегінде капиталдың шет елге шығуына әкеледі.

Тақырып бойынша талқылауға берілетін сұрақтар:

1. Инфляцияның түрлерін атаңыз.
2. Инфляцияны бәсендету шараларына не жатады?
3. Инфляцияға қарсы саясат қолдану қажет пе?
4. Мемлекеттің инфляцияға қарсы саясаты неге бағытталады.
5. Инфляцияның экономикалық және әлеуметтік зардаптары.

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1. Инфляция себептеріне қайсылары жатады?

- A) ақша эмиссиясы;
- B) мемлекеттік бюджет тапшылығы;
- C) экономиканың шығындық сипаты;
- D) кәсіпорындар монополиясы;
- E) барлық жауап дұрыс.

2. Инфляция түсінігі нені білдіреді:

- A) айналыстағы қағаз ақшаның құнсыздануы;
- B) мемлекеттің бағаның тым қымбаттатуы;
- C) өндіріс кәсіпорындарының тоқтап қалуы;
- D) тауарлар мен қызметтер бағасының шегінен тыс өсуі;
- E) халықтың жұмыс деңгейінің азаюы.

3. Экономикада бағалардың жалпы деңгейінің көтерілуіне байланысты ақшаның құнсыздану процесі қалай аталады?

- A) дефляция;
- B) стагфляция;
- C) инфляция;
- D) инвестиция;
- E) барлық жауап дұрыс емес.

4. Инфляция түрлері:

- A) жылжымалы;
- B) қарқынды;
- C) гиперинфляция;
- D) барлық жауап дұрыс;
- E) барлық жауап дұрыс емес.

5. Инфляцияға қарсы шаралар- ол:

- A) шетелден алынатын товардың көлемін жоғарлату;
- B) жұмысшылардың жағдайын жақсарту мақсатында жалақыны жоғарлату;
- C) экономиканың перспективтық салаларын инвестициялау және салықты төмендетіп өндіріске жағдай жасау;
- D) мемлекетті қаржы ресурстарын мобилизациялау бойынша жұмыстануы;
- E) қоғамның әлеуметті - экономикалық жағдайын реттеу бойынша бағыттарының бірі.

Реферат тақырыптары

1. Экономиканы ұйымдастырудың әдістері мен оның өзекті үш мәселесі.
2. Нарықтың құрылымы және инфрақұрылымы және субъектілері.
3. Экономиканы ұйымдастырудың әдістері мен оның өзекті үш мәселесі.
4. Шектеулі экономика: таңдау және шектеу туралы ғылым.
5. Нарық қатынастарының даму кезеңдері.
6. Классикалық саяси экономиканың пайда болуы және дамуы.
7. Маржинализм және неоклассикалық экономикалық теорияның қалыптасуы.
8. Қазақстан Республикасындағы нарықтың даму тарихы.
9. Қазақстан Республикасындағы нарықтық экономикалық өзгерістер.
10. Қазақстандағы экономикалық ойлардың қалыптасуы және даму процесі.
11. Қазақстан Республикасының нарықтық экономиканы жетілдірудің үрдістері.
12. Нарықтық экономиканың қалыптасудың Қазақстандық моделі.
13. Нарықтық экономикадағы реттеудің мәні мен жолдары.
14. Мемлекеттің дағдарысқа қарсы қолданылатын құралдары.
15. Мемлекеттің экономикаға араласуы.
16. Қазақстанды дамытудың 2030 жылға дейінгі Стратегиялық бағдарламасының елдің экономикасына әсері.
17. Қазақстан Республикасы мемлекетінің монетарлық саясаты оның экономикаға әсері.
18. Сұраныс заңы. Сұраныстың қисығы және оның қисығының өзгеруі.
19. Ұсыныс заңы. Ұсыныс қисығы және оның қисығының өзгеруі.
20. Нарықтағы тепе-теңдік түсінігі.
21. Сұраныс пен ұсыныстың икемділігінің түрлері.
22. Шекті пайдалылықтың азаю принципі.
23. Пайдалылықты анықтаудың кординалистік және ординалистік тәсілдері.
24. Тұтынушының ұнатулары және талғамсыздық қисық сызықтары.
25. Алмастырудың шекті нормасы.
26. Бюджеттің шектеулілігі. Тұтынушының тепе-теңдігі. Тұтынушының бюджеттік шектеуі.
27. Өндіріс құралдар-жабдықтары нарығы және оны қалыптастыру, жүзеге асыру мәселелері.
28. Тұтыну тауарлары мен қызмет нарығы.
29. Ғылыми-техникалық прогресс нарығы.
30. Ғылыми-техникалық прогресстің даму динамикасы.
31. Негізгі және айналым қорларының пайдаланылу тиімділігін анықтау әдістері, негізгі қорларын жаңарту, істен шығару коэффициенттері.
32. Негізгі қорлар және амортизациялық аударымдар.
33. Қаржы нарығының мәні және оның құрылымы.
34. Бағалы қағаздар нарығы.
35. Еңбек нарығы.
36. Жұмыспен қамту саясаты және еңбек нарығы.

37. Жұмыссыздық және оның түрлері.
38. Еңбек биржасы және оның атқаратын қызметтері.
39. Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығындағы басты проблемасы.
40. Астыртын экономиканың мәні және негізгі белгілері.
41. Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету жолдары.
42. Табыстың мәні және оның түрлері.
43. Нарық жағдайындағы әлеуметтік қорғау жүйесі.
44. Салықтың мәні, принциптері және оның нарықтағы атқаратын қызметтері.
45. Салықтың негізгі түрлері.
46. Мемлекеттің нарықтық жүйедегі орнын және қызметтерін анықтау, экономикалық саясаттың қалыптасуының теориялық негіздерін, оның негізгі тетіктерін жан-жақты қарастыру.
47. Маркетингтің мәні және даму кезеңдері.
48. Маркетингтік зерттеудің негізгі түрлері.
49. Маркетингтік ақпарат жүйесі және маркетингтік зерттеу үрдісі.
50. Басқару табиғаты және менеджмент эволюциясы.
51. Маркетингтік жүйені ұйымдастыру олардың нарықпен тығыз байланыста жұмыс істеуі.
52. Сапаның қазіргі менеджменті сапаны басқару кеңесшілерінің бағдарламалары.
53. Инфляцияның мәні, тарихи және пайда болу себептері.
54. Инфляцияның түрлері. Инфляцияны бәсеңдету шаралары.
55. Экономикалық цикл және оның кезеңдеріне сипаттама.
56. Инфляцияның экономикалық және әлеуметтік зардаптары.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер

1. Кулыгин П. Социалистік экономикадағы нарық - «Вопросы экономики», 1990 ж.
2. Журавлева Г. Социализмнің экономикалық жүйесіндегі нарық- «Экономические науки», 1990 ж. №7.
3. Саяси экономия - Алматы, «Ана тілі», 1991 ж.
4. Қазіргі замандағы нарық: табиғаты және дамуы/Э.П.Дунаев, И.Е.Рудакова Редакциясымен-М, МГУ, 1992 ж.
5. Ө.Қ.Шеденов, Е.Н.Сағындықов, Б.А.Жүнісова, Ү.С.Байжомартов, Б.М.Комягин - «Жалпы экономикалық теория», Ақтөбе «А-полиграфия» 2004 ж.
6. Н.М. Шанский, В.В.Ваванов, Т.В.шанская – «Краткий этимологический словарь русского языка» Москва 1961г.
7. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан халқына жолдауы» 2006 жыл 1 наурыз.
8. Ж.Т. Ходжаниязова «Нарықтық экономика негіздері», «Фолиант»баспасы, 2007 ж.
9. «Экономика». Учебное пособие под редакцией А.И.Архипова. Москва. Проспект» 2001 г.
10. «Национальная экономическая система». У. Баймуратов Алматы «Галым» 2000 г.
11. « Менеджмент и рынок: Казахстанская модель». Н.К. Мамыров Алматы 1998 г.
12. Осипова Г.М., Экономикалық теория негіздері Алматы-2002.
13. Макконелл К.Р., Брю С.Л., Экономикс: принципы, проблемы и политика М: Республика, 1992 ж.
14. Экономикалық теорияның негіздері, оқулық Алматы, 2002 ж.
15. «Экономическая мысль» Е. Мельбурд Москва Высшая школа 1993 г.

Қосымша әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының конституциясы, Алматы, 1995 жыл.
2. Н.Назарбаев «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы дамуының стратегиясы»
3. «Макроэкономика». Ш.А. Смагулова, А.Д. Баспанов Алматы 1999 г.
4. «История экономических учений». Я С. Ядгаров Москва ИНФРА 2002 г.
5. «Экономика Казахстана». В.В. Парамонов Алматы 2000 г.
6. «Экономика Казахстана на пути к рынку». Т. Ашимбаев Алматы 1994 г.
7. «Экономическая политика в период подавления инфляции» Алматы 1996 г.
8. «Приватизация – путь повышения эффективности государственной собственности». К. Бискультанов.
9. «История экономических учений». Р.Я. Левита Москва ИНФРА 2001 г.
10. «Экономическая политика переходного периода на рубеже 21 века». Сабденов Алматы 1997 г.
11. «Фирма, рынок, право». Р. Коуз Москва Бизнес-Л 1993 г.

Мазмұны:

Алғы сөз.....	3
Тақырып 1. Нарықтық экономиканың әлеуметтік-экономикалық мәні және ерекшеліктері	4
Тақырып 2. Нарықтың экономиканың даму тарихы және теориясы.....	7
Тақырып 3. Нарықты реттеу әдістері.....	11
Тақырып 4. Нарықтық механизмдегі сұраныс пен ұсыныс.....	13
Тақырып 5. Тұтынушының таңдау теориясы.....	16
Тақырып 6. Материалдық ресурстар және ғылыми-техникалық прогресс нарығы.....	21
Тақырып 7. Қаржы нарығы. Еңбек нарығы.....	25
Тақырып 8. Астыртын экономика нарығы. Табыс және әлеуметтік қорғау жолдары.....	31
Тақырып 9. Нарықтың салық жүйесі. Нарық жағдайындағы баға.....	35
Тақырып 10. Маркетинг-бизнестің өзегі.....	37
Тақырып 11. Инфляцияның мәні, себептері және зардаптары.....	40
Рефераттар тақырыптары	43
Қолданылған әдебиеттер	45

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 47 бет 3,9 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық-баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.